

АІНА

ЖЫЛУДЫҢ ЖОҚТЫҒЫНА ШАҒЫМДАНДЫ

2-бет

ҚОҒАМ

СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

3-бет

ЖАС ҚАЛАМ

ҚАЙТАЛАНАТЫН УАҚЫТТА ҚАЙТАЛАНБАЙТЫН СӘТТЕР-АЙ!

5-бет

РҰНАНИАТ

ОРТА ЖОЛДЫ ҰСТАНУ ЖАЙЫНДА

6-бет

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕБІ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС, ОҢ НӘТИЖЕ

Осы апта Жезқазған қаласына қарасты ауылдық округ әкімдерінің есеп беру кездесулері басталды. Дүйсенбі күні Талап ауылының әкімі Ғабид Битенов ауыл тұрғындары алдында есеп берсе, кенгіріктер ауыл әкімі Қанағат Жанпейсовтің жұмысы туралы есебін сәрсенбі күні тыңдады. Ауыл әкімдерінің халықпен кездесуіне Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, әкім орынбасарлары мен мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.



Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы

Талаптағы тірілік – минақты

Талап ауылдық округінің әкімі Ғабид Битенов өткен жылы ауыл аумағында атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Алты жүздің үстінде адам тұратын Талап ауылдық округінде бүгінде 14 адам көп балалыларға тиесілі жәрдемақы алса, ауылдың 3 тұрғыны жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік қосымшаға иінін.

Ауылдағы басты жаңалық – «Сарыарқа» магистральді газ құбырының автоматты газ тарату станциясы салынуы. Станстанан ауыл көшелеріне ауылшылық газ құбыры тартылды. Оралдық мердігер «Олия Сервис» ЖШС ауыл ішіндегі көшелерге газ құбырларын тарту жұмысын қыркүйекте бастап, бүгінде белгіленген жұмыс көлемі толық аяқталған.

Сонымен бірге, өткен жылы Талап елді-мекенін дамыту мақсатында және тұрғын үй мен әлеуметтік-мәдени нысандар құрылысына қажет жер учаскелерімен қамтамасыз ету үшін қалалық бюджеттен 11 млн теңге қаржы бөлініп, ауылдың онтайландырылған бас жоспары әзірленді. Жобаны әзірлеген – «Табис жоба» ЖШС.

Елбасының «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыру мақсатында ауылдың жұмысыз тұрғындары арасынан 4 адам 2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша «Ауыл шаруашылығын



қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан 4 млн теңгеге дейінгі жеңілдетілген несиелер алып, өз істерін жүргізуде. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсету жұмыстары жүйелі жолға қойылған. «Damu Medo» жүйесі арқылы ауыл тұрғындары қалалық емханаға тіркеліп, тиісті ем-дом шараларын алуға. Өткен жылы талаптықтар көшпелі флюорографиялық машина көмегімен толықтай тексерістен өткен.

Ауылдағы №14 мектепте 89 бала оқиды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан 47 оқушы бюджет есебінен, 10 оқушы асхананы жалға алушы есебінен ыстық тамақпен қамтылған.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелен және оқытумен қамтамасыз ету мақсатында ауыл мектебі жанындағы 25 орындық шағын орталық жұмыс істейді. Бүгінгі күні халықтың балабақшаға сұранысы толық қанағаттандырылды.

Өткен жылы мектептің төбесінің шатырын ауыстыруға қалалық бюджеттен 32 млн 829 мың теңге қаражат қарастырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, мектептегі тілдер кабинеті лингвистикалық жабдықталған және ер балалар мен қыз балаларға арналған технология кабинеттері, физика кабинеті және робототехника кабинеті жаңа үлгідегі жиһаздармен жаб-

дықталып, пайдалануға берілді.

Ауылдағы клуб пен кітапхана бөлімшесі қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. Көпшілік-мәдени іс-шаралар жоспарға сай, өз деңгейінде ұйымдастырылады. Ауыл балалары түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

Әкімнің айтуынша, жұмыссыздықты жою мақсатында 8 жұмыссыз тұрғын «Казстройсервис» компаниясына тұрақты жұмысқа және 6 адам ауыл ішінде газ құбырын тартқан «Элия Сервис» ЖШС-ға маусымдық жұмысқа орналастырылған.

Ғабид Елтіндіұлы өз баяндамасында 2020 жылы атқарылуы тиіс негізгі міндеттерге де тоқталды. Биыл ауыл көшелеріне тартылған газ құбырларын әр үйге кіргізу, сойтіп ауылды газбен толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Сонымен бірге, ауылдағы әкімшілік ғимараттарды жөндеу, ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу жоспарда бар. Қазіргі таңда қажетті қаражат есептелеп, бюджеттен бөлінген.

Әкім есебін тыңдаған ауыл тұрғындары өз өтініштерін де айтып қалды. Жыл басынан бергі боран талаптықтарды да титықтатқаны байқалады. Көшелерді күнде қар басып, желдің өтінде орналасқан кей үйлердің айналасы жүріп-тұруға келмей қалған. Ауыл әкімі қар күреуге жауапты мекеме көшелерді кестеге сай күреп жатқанын, күн райының күрт бұзылуынан қолайсыздық туып отырғанын айтты. Сондай-ақ, кей

тұрғындар тұрмыстық қалдықтарды келісілген орындарға апарғанымен олардың тазартылуына алаңдаушылық білдірді. Бұл ретте қала басшысы Қайрат Байандұлы тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау жұмысын бір жүйеге келтіріп, қызмет тарифін белгілеуді тапсырды.


Сонымен бірге, ауылдан қалаға қатынайтын автобустың жүру жиілігіне қатысты да мәселе көтерілді. Қазір тасымалдаушы кәсіпорын «жолашылар аз жүреді» деген сылтаумен сағат 11.00-де жүретін рейсті кестеден алып тастаған. Қала басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашылар тасымалы және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қ. Сансызбаевқа кестені қалпына келтіруді тапсырды.

Ауыл әкімінің есеп беру кездесуінен соң қала басшысы жеке қабылдау жүргізді. Қайрат Бегімовтің қабылдауына келген ауыл тұрғыны Айгүл Баймағамбетова ойламаған жерден тұндырған түсінеушілік туралы шағымданды. Оның айтуынша, бюджеттік сала қызметкері ретінде 10 жылдан астам баспаға кезегінде тұрып, 2018 жылы Тұңғыш Президент күні қарсаңында Жезқазған қаласы Сәтбаев көшесінде салынған көпқабатты арналық тұрғын үйден пәтер алған.

– Сол пәтер кілті табысталардан бір күн бұрын әкімдіктен хабарластып, «Ертең пәтер беріледі, келіңіз» деді.

►► 2-бетте

БӘРЕКЕЛДІ!



«GOLDEN FAMILY» ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

бұрынғы «Сарыарқа» кинотеатрының ғимаратында орын теппек

Жақында қаламызда «Golden Family» отбасылық ойнау-сауық орталығы ашылады. Бірнеше бағыт бойынша қызмет көрсететін орталық жұмыс алдымен жаңа кинотеатрдың ашылуымен басталамақ.

Жезқазғандықтардың отбасымен демалып, тынығуына жағдай туғызатын орталықты жергілікті кәсіпкер өз қаражатына ашып, іске қоспақшы.

– Қаламызда заман талабына сай кинотеатр да жоқ. Қазіргі таңда қала тұрғындарының көбі соңғы шапқан фильмдердің премьерасын тамашалау үшін көрші Сәтбаев қаласына баруға мәжбүр. Бұл, әсіресе, жастарға қиындық тудырып, оларды зуре-сарсаңға түсіріп қойды. Осы жағдайға куә бола отырып, «Неге Жезқазғанда да жаңа кинотеатр ашпасқа?!» деген ой келді. Сол мақсатпен бұрынғы «Сарыарқа» кинотеатры ғимаратын екінші деңгейлі банктердің бірінен сатып алдым. Негізі Жезді кентінің тумасымын. Қаржы саласы бойынша білім алған. Қазір Жезқазған қаласында тұрамын. Бұған дейін тасымал жұмыстарымен айналысқан болатынымын. Қазір ғимаратқа толығымен жөндеу жасалып жатыр. Алғашында бұл жерде жылу жүйесі мүлде жоқ еді. Міне, бір ай көлемінде толық жылумен қамтамасыз етілді. Ғимарат ішімен қатар, сырты да жаңадан қапталып, жөнделіп жатыр. Болашақта толық өйнекпен қаптайтын боламыз. Әрине, қандай да бір жеке кәсіппен айналысар алдында шығын болары сөзсіз. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» демей ме?! Қала тұрғындарына барынша қолайлы жағдай тудырып, сапалы қызмет көрсету үшін барымызды салатын боламыз. Алда әлі де жоспарлар көп, – дейді орталықтың иесі, жеке кәсіпкер Алмас Рахымбек.

Жалпы 400 орынға шақталған үлкен және кіші залдан тұратын кинотеатрдың ашылу салтанаты наурыз айының басына жоспарлануда. Ал балалар ойын алаңы, кафе, жастарға арналған демалыс орны наурыздың соңына қарай іске қосыламақ. Сондай-ақ, Алмас мырза алдағы уақытта ғимараттың екінші қабатынан фитнес және боулинг орталығын ашу да жоспарда бар екенін жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БАСПАСӨЗ – 2020!

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТИНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғастынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке 11 айға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекен жайға жеткізіп беру – 3700 теңге;

Редакциядан келіп алу – 2700 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 6700 теңге;

Редакциядан келіп алу – 5700 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:
8 7102 71 00 55, 77 50 25

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТҚАН CORONAVIRUS

Соңғы бірнеше апта ішінде әлем елдерінің көпшілігін алаңдатқан мәселе коронавирус дерті болып отыр. Қытайдың ең үлкен орталық қалаларының бірі, 11 млн-нан астам тұрғыны бар Ухань қаласынан басталған дерт туралы ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіде сәт сайын сан түрлі ақпарат тарап, адамдар әрі-сәрі күйге түсуде.

Жалпы коронавирус туралы не білеміз? Аты айтып тұрғандай коронавирус – дер кезінде ем-дом жасалмаған жағдайда өлімге душар ететін РНК-лы вирус. Аталмыш вирусты микроскоппен қарағанда күн шашақтары іспетті патша тәжіні еске түсіреді. Соған сай вирус атауы латын тіліндегі «corona» – тәжі, грек тіліндегі «κορωνή» – гирлянда, гүл шоқтары деген ұғымдарға сай «Коронавирус» атауына ие болған. Алғашқы белгілері 1965 жылы пайда болған вирустың бүгінде қырыққа тарта түрі анықталды. Көпшілік елде коронавирустың тарауы бірінші рет емес. 2002-2003 жылдары да қытайлықтар осынау вирусты жұқтырып, 800 адам көз жұмған болатын.

Қайғылы жағдай биыл да қайталанды. 2019 жылдың желтоқсан айынан бастап қылаң бере бастаған 2019-nCoV ең қауіпті коронавирусты ретінде тіркеліп, адамдарды қайғылы қазаға ұшыратуда. Аурудың басты ошағы саналатын Ухань қаласына карантин жарияланды. Қазіргі таңда қалаға кіру және одан шығу мүмкін емес. Қалада көлік және ұшақ қатынасы мүлде тоқтатылды. Миллиардтаған халқы бар Қытай үшін ауруды ауыздықтау оңай-

ға түспесі анық. Жұқпалы дертке шалдыққан науқастарды басқа науқастармен қатар ортақ ауруханаларда емдеу өте қауіпті. Соған орай Қытай мемлекеті тек коронавирусты дерттегі шалдыққан науқастарды емдейтін аурухана салу жұмысын бастап кетті. Жиырма күн ішінде 25 ш.м-лік 1000 орынға шақталған «Хуошеншань» және 30 ш.м-лік 1300 орынға шақталған «Лейшеншань» атты екі аурухана тұрғызамыз деген қытайлықтардың құрылыс жұмысына қазір әлемнің бүкіл елі көз тігіп отыр. Әрине, алдыңғы қатарлы ең озық технологиялармен жабдықталған мемлекет үшін екі аурухана салу соншалықты қиын жұмыс емесі белгілі. Қытай билігінің соңғы мәлімдемесіне қарағанда, құрылысы 24 қаңтарда басталған «Хуошеншань» 3 ақпанда, 27 қаңтарда басталған «Лейшеншань» 5 ақпанда өз жұмысын бастайды деп жоспарлануда. Қазірде Қытайдың 25 провинциясы аталмыш дерттің тырнағына ілініп отыр. Оның 13-інде ауру аймағы өрішіп тұр.

Коронавирустың тарау жолдары әр түрлі. Осы уақытқа дейін бұл вирус түрі үй жануарларынан жиі жұғатын. Биылғы жылы орын алған коронавирустың себебін дәрігер



ғалымдар оңайлықпен таба алмады. Алғашында коронавирусты банан жемісі арқылы тарайды деген болжам айтылды. Біздегідей қаһарлы қыс пен сарысуға аязы жоқ муссонды субтропикалық аймаққа жататын Ухань жерінің жылы ауа райы тропикалық жемістер құрамын бұзып, вирустар тудырды деген күдік пайда болғанымен, сонында ауруды тарататын негізгі ошағы мүлдем басқа болып шықты. Қытай халқының ежелден-ақ, өзге халықтардан тұрмыс-мәдениетімен айрықша ерекшеленетіні белгілі. Соның ішінде, қытайлықтардың тамақ жеу мәдениеті де таңқалдырмай қоймайды. Төрт түлік малды азығы еткен көшпенді қазақ халқы үшін жыбырлағанды ас қыла беретін қытайлардың тамақ жеу әдеті мен әдебі оғаш

көрінетіндігі де жасырын емес. Тек біз емес, әлем жұртшылығы таңданыспен қарайтын бұл мемлекет халқының ажалы да осынау тірлігінен болып жатыр десе сенер ме едіңіз? Қош, «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген ұлттың ұрпағымыз. Десек те, ауру – астан екенін ескеріп, дәмдісі мен нәрлісін, ағы мен адальын талғауға ететін қазақ халқының бекздалығына осындайда зор риза болып, көңілімізді қуаныш кернейді, әлбетте.

Сонымен, ауру ошағының пайда болуына – «Ылғалды базар» кінәлі. Өмір бойы төбесінен су тамшылап, іші қоғала шалшық болып жататын бұл базар сонысына байланысты жергілікті халық арасында «Ылғалды базар» аталып кеткен.

►► 3-бетте

«SARYARQA»
ГАЗЕТИН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІПЕРДЕН ДЕ ОҚИ
ЖҮРІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/

T.ME/SARYARQA/

@SARYARQA_GAZETI

WHATSAPP + 7 708 420 19 88

Отбасымызға қош келдіңіз!

e.gov

SARYARQA-АҚПАРАТ

ӘЛ-ФАРАБИ МЕРЕЙТОЙЫ РЕСМИ БАСТАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев сәрсенбі күні әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өнер адамдарымен кездесіп, ғұлама ойшыл әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында өтетін іс-шаралардың басталғанын мәлімдеді.

Университет қабырғасынан ашылған әл-Фараби орталығымен танысқан Мемлекеттік хатшы, өнер адамдарымен де кездесті.

Өткен аптада Елбасы және Мемлекет басшының қатысуымен Нұр-Сұлтан қаласында Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойының ашылуы өтті. Бүгін өздерінің қатысуларыңызбен ғұлама бабамыз әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы іс-шараларын салтанатты жағдайда бастамақпыз. Биыл әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығы аясында халықаралық және республикалық деңгейде ауқымды шаралар ұйымдастырылады. Әрине, бұл шаралардың барлығы өнер мен білім саласында жүрген тұлғаларымыздың атсалысуымен өтеді, — деді ол.

Сонымен қатар, ол өнер адамдарына ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасының мемлекеттік шәкіртақысын табыстады.

Сөз басында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Әдебиет — көктемнің бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ой парасаты» деген сөзін еске түсіріп отырмын. Әрине, біз үлкен мәдениетімізбен және ойшылдарымызбен мақтанамыз. Биыл әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Ұлы Абайдың 175 жылдығын ел болып атап өтудеміз. Бұл халқымыздың рухани өсуіне және алдымызда тұрған жана шақыруларға жол іздеуге өз септігін тигізеді деп ойлаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында біз сол ұлттық сананы жаңғыртуға және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек Ұлы тұлғаларымызды мұқият оқуымыз керектігін атап өткен еді, — деді Қырымбек Көшербаев.

Жиын барысында жазушы Смағұл Елубай сөз сөйлеп, мұндай үлкен шараларды ұлт зиялыларыңыз өз өкілі мүмкін еместігін айтты.

Бұл басқосу Қазақстан басшылығының жаңа жыл басында, жаңа жауапты сапар алдында елағаларының ақ тілектерін тындап, ақбатасын алу деседі болғандай. Осында бас қосқан қауым Қазақстан басшылығының халық үніне құлақ асатын жүйе құру ниетін, елдің әлеуметтік ахуалын көтерем деген ойларын қолдаймыз. Экономика ендігі жерде аттөбеліндей алигартарға емес, қарақұрым халыққа қызмет етеді деген ойдамыз, — деді жазушы.

АЙМАҒАМБЕТОВ БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Алматыда студенттермен кездесті. Бұл туралы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің баспасөз қызметінен мәлімдеді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткен басқосуға болашақ педагог мамандар қатысты. Атап айтқанда, министр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенттерімен саладағы түйткілді тақырыптар төңірегінде әңгіме өрбітті.

Жақында білім беру саласы бойынша екі маңызды құжат қабылданды. Олар: 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы мен «Педагог мәртебесі туралы» Заң. Бұл құжаттар педагогикалық қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсарту мен білім сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, аттестаттаудың жаңа форматының қорытындысы бойынша 156 мыңнан астам педагогке біліктілік санаты берілді. Бұл өз кезегінде мұғалімдерге 30-дан 50 пайызға дейін қосымша ақы төлеуге мүмкіндік берді, — деді министр.

Сондай-ақ, еліміздің бас педагог балаларды маңызды ақпаратты дұрыс таңдауға және білімді тәжірибеді қолдануға үйрететін жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының артықшылықтарын түсіндірді.

Кездесуде «Жаңа заң өскелең ұрпақ тәрбиесіне араласатын педагог мамандар үшін қандай мүмкіндіктер береді?», «Алдағы уақытта еліміздегі білімнің сапасы арта ма, жергілікті жерлерде мектептер жетіспеушілігі шешіліп, материалдық базасы жаңара ма, алыс аймақтарға педагог мамандар бара ала ма?» сынды сұрақтар қозғалды.

Сонымен қатар ведомство басшысы білім саласын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыстар жайында да атап өтті. Еркін диалогқа құрылған жиын барысында студенттер өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, ұсыныстарын білдірді. Сауалдардың басым бөлігі жоғары оқу орындары мен мектептердегі зертханалардың заманауи талаптарға сай келмеуімен, жекелеген пәндерді оқытуда кездесетін қиындықтар мен оқулықтар сапасы, дәстүрлі білім беру мен дуалды оқыту жүйесіндегі мәселелерді қамтиды.

ҚАЗАҚСТАН мен ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ ТОҚТАТЫЛДЫ

Қазақстаннан Қытайға ұшақ, автобус пен пойыз қатынасы қай уақытқа дейін тоқтатылды? Бұл сұраққа ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің төрағасы Самат Ғылымов жауап берді.

Айта кетсек, бұған дейін ҚР Үкіметі жанындағы ведомстваралық комиссия Қазақстан аумағында коронавирустың таралуына жол бермеу бойынша бірқатар қосымша қорғану шараларын қабылдаған болатын.

Осы шараларға сәйкес, Қазақстан мен Қытай арасындағы ұшақ, автобус пен пойыз қатынасы уақытша тоқтатылады. Ал «уақытша» деген сөз қандай мерзімді білдіреді? Тілшілердің бұл сұрағына Самат Ғылымов жауап берді.

Жалпы, болжауымша жағдай түзелгенге дейін осы шектеу күшінде болады. БАҚ-тан хабарлағандай, Қытай тарапы коронавирустың шырқау шегі алдағы бір аптада өтетінін жазып жатыр. Сол себепті, бұл сұраққа жағдай тұрақталғанша деп жауап берер едім, — деді Самат Ғылымов.

Ал екі ел арасындағы логистикалық қарым-қатынасқа қойылған шектеу экономикаға қаншалықты шығын келтіруі мүмкін? Бұл сұраққа жауап берген Самат Ғылымов эфирге бұл сұраққа жауап беру мүмкін емес екенін айтты.

Жүк тасымалы бойынша екі ел арасында ешқандай шектеу қойылған жоқ. Ал жалпы ол шығынның есебі жағдай тұрақталғаннан кейін бірақ белгілі болады, — деді ол.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖЫЛУДЫҢ ЖОҚТЫҒЫНА ШАҒЫМДАНДЫ

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, оларды толғандырған түйткілдердің түйінін тарқатуға тырысты.



Әкім қабылдауына алдын ала жазылған он жезқазғандықтың тоғызы келді. Ол тоғыздың көтерген мәселесін жіктер болсақ, дені жылу мәселесін айтты. Нақты айтсақ, әкім алдына келген тоғыздың төртеуі «үйімізде дірдек қағудамыз» деп жанаикайын жеткізді. Онымен қоса, осы тұрғындар жоқ жылуға ақы төлеуге мәжбүр. Жеке тұрғын үйде тұратын жезқазғандықтар жылу сороғышын қойған көршілерінің кесірінен жылуға жарымай отырса, көп қабатты тұрғын үй пәтеріндегілер қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны мен пәтер иелері кооперативі жұмысының салғырттығынан алты ай бойы қабағ-қабағ киініп, электр жылытқыштарын «құшақтап» отыр. Тұрғындардың шағымын мұқият

тындаған Қайрат Бегімов ЖСЖК директоры Болат Аманбаев пен «Үміт» және «Адал жар» ПИК төрағаларына жылу жүйесін толық тексерістен өткізіп, оқшылықтың орнын толтырудың кешенді жоспарын әзірлеуді қадап тапсырды. Және жылу сороғыштарын қойып, заңды белден басқан тұрғындарды қатаң бақылауға алып, полиция қызметкерлерімен бірге сороғыштарды ажыратуды жүктелді. Аталмыш тапсырмалардың орындалуына он күн мерзім берген қала басшысы олардың нәтижесін жеке өзі тексеретінін айтты.

Бүгінде тұрғындар арасында коммуналдық саладан кейін өзекті болып отырған ендігі мәселе — баспана. Тұрғын үй кезегіне тұрғандар тезірек баспаналы болсақ дейді. Сондай-ақ,



берілетін жалдамалы пәтердің ауданын, яғни бөлме санын көбейтіп алсақ деп өтініш білдіреді.

Пәтер кезекпен берілетінін жақсы білесіздер. Дәл қазір бере қоятын баспана жоқ. Қаладағы тұрғын үй құрылысы енді ғана қарқын ала бастады. Сондықтан, түсінудің таңытып, кезекті тосу қажет. Пәтерлерді үлестіру де заң жүзінде жүргізіледі. Тұрғын үй комиссиясы құқық бұзушылыққа барып, негізсіз тұрғынға тиесілі бір бөлмелі пәтерді екі бөлмеліге ауыстырып бере алмайды, — деп егжей-тегжейлі түсіндірген қала басшысын тұрғындар ұққандай болды.

Қабылдауға келген тұрғындардың ішінде жеке бас мәселесінен өзге қаланың абаттандырылуы мен санитарлық жағдайына алаңдаушылық танытатындардың бары куантты. Солардың бірі — зейнеткер Евгений Ким. Ол бизнес нысандары құрылысы кезінде нормалар сақталмайтынын

тілге тиек етіп, сөзін мысалдармен дәлелдеді. Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының жағдайы көңіл көншітпейтін жеткізген зейнеткер өтінішінің негізінде медициналық мекеменің жағдайын зерттеу бойынша облыстық басқармаға ұсыныс білдірілетін болды. Сонымен бірге, Евгений Ким қалалық полиция басқармасы ғимаратының қоршауы жаю жүргініштерге ыңғайсыздық туғызып тұрғанын ашып айтты. Осы мәселе газетімізде 2017 жылы көтеріліп, сол кездегі басқарма басшысы көп ұзамай қоршау жаю жүргініштер жолынан кері «шегінетіне» уәде берген де еді...

Тұрғындардың ұсыныс-тілектерін назарға алған Қайрат Бегімов мекеме мен кәсіпорын басшыларын жезқазғандықтарды алдаусыратпай, сергелденге салмай-ақ мұн-мұқтаждарын шешуге асығуға шақырды. Диана ОРАЗАЛИНА

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕБІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



орнатылған. Бұл жұмысты 2 млн 326 мың теңгеге «Осия-Строй» ЖШС атқарып шыққан.

Сондай-ақ, Кеңгір ауылы ішіндегі жарық желілері де 352373-2005 МЕМС-ына сай жаңартылған. Ауылдағы саябаққа 22, Өуезов көшесіне 18, Пушкин, Тимирязев, Ұлытау көшелеріне 12 жарық бағаны орнатылған.

Кеңгірге қарасты Қорғанбай ауылында 101 дана жарық шамдары диодты шамдармен алмастырылған. Билтыр өңірлерді дамыту жөніндегі бағдарламаны Кеңгір селосының ішіндегі жолдар жөнделген. Бюджеттен 2 млн 400 мың теңге қарастырылып, 359 шаршы метр жол жамалыпты.

Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен Өуезов көшесі мен Тимирязев көшесінің бір бөлігі толық асфальтталған.

Кеңгір ауылында мектепке дейінгі жастағы 300 бала бар. Оның ішінде 2-3 жас аралығындағы 20 бала «Айгөлек», 3 жастан жоғары 20 бала «Балапан» шағын орталығына барады. Мектепалды даярлық сыныптарында 36 бала қамтылған.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша мектеп пен шағын орталыққа жұмыс істеуге келген екі маманға ауыл-

Сондай-ақ, футбол алаңы жөнделіп, саябақ ішінен спорттық-сауықтыру аумағы жасалмақ. Футбол алаңын жөндеуге 1 млн 472 мың теңге, саябақ ішінен спорттық-сауықтыру аумағын дайындауға 2 млн 700 мың теңге қаражат қарастырылған.

Әкімнің есептік баянамасы тыңдалған соң тұрғындардың сұрақтарына кезек берілді. Кездесуге қатысып отырған Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков осы ретте ауылдағы аяқсыз қалған көріз жүйесінің мәселесін көтерді. Депутат кезінде қыруар қаржы бөлінген жоба аяқсыз қалғанына қынжылы білдіріп, бұл мәселе облыстық мәслихатта бірнеше рет көтерілгенін, жұмысты аяқтау үшін ауыл әкімі де өз тарапынан бастама жасауы керектігін жеткізді.

Ауыл әкімінің айтуынша кезінде Қарағанды облысы құрылыс басқармасының тапсырысымен басталған бұл жоба аяқсыз қалған. Тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы сот дауы жақында аяқталған. Қала басшысы Қайрат Бегімов бұл шаруаны облысқа сеніп отырмай, ауыл, қала деңгейінде шешу жолын қарастыруға болатынын айтты. Атап айтқанда, көріз жүйесінің ендігі қалған жұмысының сметасын әзірлеп, алдағы бюджетті нақтылауға дейін ұсыныс ет-

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС, ОҢ НӘТИЖЕ



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ Joldaуy

Айтылған уақытта, айтылған жерге бардым. Әкімнің қолынан кілт алдым. Пәтердің арендасы мен коммуналдық төлемдерін келісім-шартқа сәйкес уақытылы төлеп отырмын. Енді бір жылдан кейін, осы қаңтар айында әкімдіктен тағы хабарласып, пәтердің маған заңсыз берілгенін, ақпан айынан кешіктірмей оны босатуымды талап етуде, — дейді Айгүл Кеңесқызы.

А. Баймағамбетованың шағымын тыңдаған Қайрат Баяндыұлы жауапты бөлім басшысы Қ.Сансызбаевты орнынан тұрғызды. Бөлім басшысы жақында прокуратура бөлімде тексеріс жүргізгенін, тексеріс соңында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынған үйдің пәтерлері бюджеттік сала қызметкерлеріне заңсыз берілген деген қорытынды шығарғанын айтып, соған байланысты 9 отбасыға аталған үйдегі пәтерлерді босату туралы хабарлама жолданғанын жеткізді.

Тараптарды толық тыңдаған қала басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары бөлімінің басшысына баспанаға қатысты туындаған бұл мәселені «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» шешудің жолын қарастыруды тапсырды.

Көркі кірген Кеңгір

Кеңгір ауылдық округінің әкімі Қанағат Жанпейісовтің есебін тыңдауға жиналғандардың да қарасы аз болмады. Ауыл ақсақалдары бастаған кеңгірліктерге Қанағат Байжанұлы 2019 жылы атқарған қызметі мен биылғы жоспарларын кеңінен түсіндірді.

Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын ауылдағы шаруа қожалықтары түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен қолдау шараларынан тыс қалған емес. «Ігілік», «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламалары аясында әкімшілік-аумақтық тұрғыда Кеңгірге қарайтын Теректі, Қорғанбай ауылдары, Түйеойнақ стансасында тұратын шаруалар мал бауын көбейту үшін жеңілдетілген несие алып келеді. Жезқазғанда тұрақты ұйымдастырылатын «Ауыл — береке» ауыл-



шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне қатысушылардың дені — осы Кеңгір ауылдық округінің шаруалары.

Шаруа қожалықтары заман көшінен қалмай цифрландыру жұмыстарына да белсенді қатысуда. Қазіргі таңда барлық шаруа қожалықтарына тиесілі жер телімдері Qoldau.kz цифрландыру сайтына енгізілген.

Әлеуметтік қолдау шаралары да заң шеңберінде білгіленген тәртіппен көрсетіліп келеді. Ауылдық округ аумағында тұратын 3 мыңнан астам адамның ішінде 330 зейнеткер болса, 74 тұрғын түрлі әлеуметтік жәрдемақы алады, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны — 25 адам.

Жарықтандыру жұмысын жолға қою мақсатында өткен жылы ауылдағы Сейфуллин, Пушкин, Школьная, Ұлытау, Молодежная, Сәтбаев, Мир көшелеріне «АСКУЭ» маркалы 13 есептегіш құралы

дан үй алу үшін төмен пайызбен несие берілген.

Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсету үшін қалалық емхана филиалы жұмыс істейді. Теректі, Қорғанбай ауылдары мен Түйеойнақ стансасында фельдшерлік-акушерлік пункттер бар. Барлық тұрғын емхананың тіркеуіне алынып, тиісті ем-дом, екпе ала алады.

Ауылда мәдени-көпшілік, спорттық іс-шаралар жоспарға сай өтіп тұрады. Ауыл балалары түрлі үйірмелер мен спорт секцияларына қатысады.

Ауыл тұрғындары «Электронды Үкімет» порталының игілігін толық пайдалану үшін әкімдік ғимаратынан қызмет алу бұрышы ұйымдастырылған.

Ауыл әкімі биыл қолға алынатын жұмыстарға да тоқталды. Оның айтуынша, ауыл ішіндегі жолдарды ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстары жалғасады.

гүзді тапсырды.

Кездесуде сонымен бірге, тұрғындар тарапынан жаяу жүргіншілер жолын қалыптастыру, көшелерге жол белгілерін қою, Теректі ауылындағы 20 шақты үйдің айналасын жарықтандыру, монша салу, балалар аландарын орнату сынды мәселелер көтерілді. Ауыл әкімі бұл мәселелердің бірқатары жоспарланып отырғанын, жоспарда жоғын бюджет мүмкіндіктеріне сай шешетінін айтты. Бұл ретте мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламасы мүмкіндіктері де барынша қарастырылатынын алға тартты.

Қос ауылдың тұрғындары әкімдерінің жұмысына қанағаттанатындарын айтып, жоспарланған шаруаларға қажет қаражат уақытылы бөлініп тұрса деген тілектерін жеткізді.

Дархан МҰХАН

МҰРАҒАТ

Қазақтың біртуар ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеу қаласында ұзаққа созылған науқастан қайтыс болғаны белгілі. Есімі ел ішіне ғана емес, әлемге танымал тұлғаның қазасына орай жазылған қарсақбайлық Әбілқасым Наурызбаевтың «Қаныш өліміне» атты өлеңінің М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде сақталған көшірмесін оқырманымыз Батырхан Көнілбаев редакциямызға жолдаған болатын. Өлеңді араб жазуынан кирилл әрпіне түсірген – институт қызметкері Нұржұма Елесбай.

ҚАНЫШ ӨЛІМІНЕ

Қайран, Қаныш сабаз құладан ба? Көз біткен жасты ағызып бұладың ба? «Болды, – деп, – Қаныш қаз» естігенде, Нанбады радиоға құлағым да.

Айрылып абыройлы ғалымыңнан Егіліп Совет халқы жыладың ба? Ілініп сұм ажалдың шенгеліне, Сенеміз жандыны оның жеңбегіне.

Туғанның өлемгі де сөзсіз мирас Сондықтан, жететін көз өлмегіне. Алайда, пайдасы көп шамшырақтың Ертерек қайғырамыз сөнгеніне.

Терең ой, тапқыр ғылым, шебер білім, Бірі де таппай қайла көнгені ме? Кен тауып жер астынан неше түрлі Гүлденген күлді Отанды еңбегінде.

Біреуі ара түсіп бір сөз айтпай, Ажалға мылау, керен бергені ме? Бұрында неше білгір данышпандар, Бәрі осындай боп өлемді ме?

Оның да елі-жұрты біз сияқты

Тағдырға жылай-сықтай көнбеді ме? Өсірген тәрбиелен ғазиз дене Разы боп жатты көніп көнбегіне.

Керек ед қазақ емес Совет елге, Тек қана Совет емес барлық жерге. Айрылып сол сияқты ардақтыдан Мезгілсіз тұрмыз көміп оны көрге.

Қазақтың барлық елін жиып Құда*, Мынадай өмір етіп, қылса неда** : «Барлығың бір адамды тілеп менен Сол үшін жандарыңды қылып пида.

Келіссең ынтымақ қып бір ауыздан Сол адам өлмей мәңгі қалар жүде». Осылай болса Хақтан істің жөні, Сонда біз тілер едік Қаныш сені.

Көп көрсе қай адамнан пайдалы істі, Тілейді жаны қып халық соны. Егер де ажал келіп орталыққа: «Қалады біреу тірі тек халықта.

Ешкімге сөз айтпаушы ем ішім жылып, Бұл жолы іс қылмаймын өзім біліп.

Қайыссыңды қалдырайын жанын алмай, Өздерің ұйғарсаңдар пәтуа қылып!»

Сонда біз айтар едік: «Қаныш қалсын, Басқа елдер тірі қалған пайдалансын. Пайдалы ол елге де етіп қызмет, Мәңгілік өлмейтұғын жайда қылсын!»

Болмады мұндай бізге ешбір хабар, Сондықтан, бар ма ажалға қайла табар? Қарайық халықты ақтарып қадағалап, Ғалым ұл болар ма екен орнын жабар?

Сендей ұл табылар ма орның толып, Артылдың қатарыңнан бақыт қонып. Сай келіп ғылым-білім, көрік, мінез – Төрт жағы жаратылған бірдей болып.

Бар шығар тағы бір ұл жеткен өсіп, Қарайық, халықтың іші – алтын бесік. Табылар біреу емес елде нешеу, Елміз гой ғылымға кең ашқан есік.

Қазаға ойсыраған ұшырасып кез, Қайғылы көкірек те, жылауда көз. Шешен тіл, шебер көңіл халықтағы Тенеуге саған лайық таппай тұр сөз.

Ғылымның Қазақстан ордасына, Сынарлық келді жұмыс зор басына. Бұл сыннан жас ғалымдар шауып өтіп, Орданың шығар барып өр басына.



Мұндайды көрген бұрын Совет халқы, Жояды бұл қайғыны еңбек жалпы. Артылса бардағыдан ғылым жұмыс, Қайырлы болғаны сол – ердің арты.

Қош, шырақ, жатқан жерің болсын торқа! Сені ойлап жараланды жүрек-қолқа. Ақсаптай жұмысыңды жүргіземіз Бұрынғы мөлшерінен етпей орта!

Қарсақбайлық бауырың Әбілқасым НАУРЫЗБАЕВ 15.02.1964

* Құда – құдай **Неда – хабар

ӘДЕП КОДЕКСІН САҚТАУ – ӘР СУДЬЯНЫҢ МІНДЕТІ



Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық жүйесінде билер сотының мәртебесі мен мәнін айқындайтын бірқатар айшықты қағидаттар мен нормалар қалыптасқан. Олардың негізі халықтың құқықтық түйсігіне терең бойлап, мазмұны мен мәнісіне жете баға берген. Мәселен, «Би төртін құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік». Жалпы, бүгінгі таңда өркениетті елдерде қалыптасқан өлшемдер негізінде таразыласақ, сот төрелігінің әділдігі және оның жедел әрі толық орындалуы кез келген елдің кемел болмысының көрінісі болып табылады. Ал, оны жүзеге асыратын басты тұлға – судья. Сондықтан, әділдіктің айнымас жолында тер төккен қазыларымыз судья әдебінің нормаларын қатаң ұстануы қажет.

Дана халқымыз «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деп бекер айтпаса керек. Ендеше, ақиқат жо-

лымен жүру, әділ қазылық ету – әрбір судьяның басты парызы. Қазы – халықтың орданы. Демек, судьяның адамгершілік және моральдық-әділеттік бейнесінен мемлекетіміздің мәртебесі айқындалады деп айтсақ артық болмас. Судья жұртшылықтың сот төрелігі жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында мінез-құлықтың жоғары деңгейін танытуға және оны жетілдіріп отыруға міндетті. Бұл дегеніміз жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың үйлесімді ұштасуын қамтамасыз ететін тәуелсіз сот төрелігін қолдау үшін негіз болып табылады. Екіншіден, сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі билік өкілеттіктерін қоғамнан өзіне қабылдай отырып, мінез-құлық әдебінің қағидаларындағы шектеулерді сақтауға ерікті түрде міндеттенеді. Олардың негізінде судьялар кәсіби міндеттерін атқаруы

кезінде және күнделікті өмірде, қызметтен тыс кезінде моральдық және этикалық әдеп өлшемдерін сақтау, сондай-ақ, сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде оның объективтілігі мен бейтараптылығына күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен өзін аулақ ұстауға тиіс. Мұның бәрі Судья әдебі кодексінің талаптарынан туындайды.

Судья әдебінің кодексі кәсіби әдеп өлшемдерінің жиынтығы ретінде сот төрелігін жүзеге асыруда және соттан тыс қызметтегі мінез-құлықтың судья үшін міндетті қағидаларын белгілей отырып, сот және судья әдебі нормаларын бұзу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың кәсіби-әділеттік стандартын айқындайды. Сондықтан, бүгінгі күні Судья әдебі кодексінің сот төрелігін жүзеге асырудағы алатын орны маңызды.

Қандай жағдайда болсын сот билігінің тәуелсіздігі принципін сақтауға және сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен бейтараптылығына күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен өзін аулақ ұстауға тиіс. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, кімнен байқалса да, оның кез келген көріністеріне ымырасыз болуға міндетті.

Әсел АМАНЖОЛОВА, Жезқазған қалалық сотының кенес меңгерушісі

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында «Үш тұғырлы тіл» идеяны жария еткен болатын. Ал, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жариялаған Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезек-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

ҮШТІЛДІЛІК – УАҚЫТ ҚАЖЕТТІЛІГІ



Жалпы Қазақстан халқы үштілділік саясатын еліміздің өркендеуі үшін ықпал жасайтын стратегиялық мәні бар дүние деп есептейді. Халқымыздың рухани тұрғыда дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Бұл идеяның басты түйіні: Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға өткізгіш өтудің көмекші тілі ретінде жетік менгерген ел болып өзін танытуы керек. Нақтырақ

тоқталсақ, үштұғырлы тіл идеясының негізгі формуласы – мемлекеттік тілді қарыштап дамытамыз, орыс тілін бұрынғыдай қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштілділікті қолданысқа енгізу – қазіргі таңда кезек күттірмес өзекті мәселе. Халықтың барлығы дерлік қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілін менгеріп кетуі осы бағдарламаның сөзсіз негізгі мақсаты. Аталмыш үштұғырлы тіл идеясы тілдік саясаттың жаңадан ойлап табылған үлгісі емес, заман талабына сай өмір қажеттіліктерінен туындаған идея. Барлық оқу орындарында үш

тілде оқытуды енгізудегі түп мақсаты – заман талабына сай білімін жетілдірген тұлғаны қалыптастыруға жол ашу. Қай заманды алып қарасаныз да, бірнеше тілді менгерген халықтар өздерінің интеграциялық және коммуникациялық қабілеттерін дамытып отырған. Көптеген тілді менгерген қазақстандықтар өз елдерінде де, шет елдерде де өздеріне сенімді, бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Бұл бағдарлама қабылданғанда, ендігі уақытта қазақ тілінің қолданысы шектеліп қалады деп, қоғамда алаңдаушылық танытқандар табылды. Бірақ, бұл идеяда қазақ тіліне шектеу қою жөнінде еш мақсат жоқ, керісінше, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне жеделдетіп үйрету мәселесі қарастырылып жатыр, әртүрлі әдістемелер әзірленіп, толықтыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы уақытқа дейін қазақ тілі мен әдебиеті қалай оқытылып келді, алдағы уақытта да солай оқытылатын болады.

Сонымен қорыта айтқанда, көп тілді білу – заман талабына сай өмір қажеттіліктерінен туындаған идея.

Еркебұлан КАМАЛИЕВ, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің қызметкері

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

Сыбайлас жемқорлық – өзекті мәселе және онымен күрес еліміздің әрбір азаматының ең маңызды міндеті.

СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық – қатерлі де тереуіш фактор. Ол мемлекетіміздің нарықтық экономикасының дамуын тежеп, ұлттық қауіпсіздікке қатер туғызады, халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімін төмендетеді. Бұл өзекті мәселе Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан да үнемі бақылауға алынып, алдын алу шаралары қолданылуда.

Алайда, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің қатарына лауазымды немесе мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлғаларды не оларға теңестірілген тұлғаларды параға сатып алған, сондай-ақ, құқыққа қайшы мүліктік байлық және құндылықтарды беретін жеке және заңды тұлғалар жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында көрсетілгендей, «занды түрде бекітілген салықтарды, жинақтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің парызы және міндеті болып табылады».

Мемлекеттік кірістер қызметін тиімді ету және салық төлеушілер

құқықтарының сақталуы мақсатында Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасындағы салық төлеушілермен тікелей жұмыс жасайтын орталықтарда арнайы жәшіктер қойылған (1,5 - кабинеттер). Аталған жәшікке салық төлеушілер арнайы бланкіні толтыру арқылы өздеріне қызмет көрсеткен салық қызметшілеріне деген пікірлерін көрсетіп, қанағаттандырылу деңгейін айқындай алады. Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының холлында шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік орнатылған. Аталған жәшікке салық органы қызметкерінің заңға қайшы іс-әрекетін әшкерелеу мақсатында салық төлеушілердің жасырын шағымдары салынады. Тағы бір айтып өтетін жәйт, салық төлеушілердің құқықтарын сақтауы мақсатында басқармада 73-35-14 сенім телефоны жұмыс істейді.

Кымбат ҚАЗБЕКОВА, Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

ӘЛЕМДІ АЛАНДАТҚАН CORONAVIRUS

(Соңы. Басы 1-бетте)

Infographic about COVID-19 symptoms and prevention. It includes a diagram of the human respiratory system with labels for symptoms like cough, fever, and difficulty breathing. Below it, a list of prevention measures such as wearing masks, hand hygiene, and avoiding close contact. The infographic is titled 'КОРОНАВИРУСТЫҢ СИМПТОМДАРЫ' and 'АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ:'.

Бұл базарда не сатылмайды десеңізші?! Түрлі теңіз тіршілік иелері мен үй және жабайы жануарлардың барлығы да осы жерде. Қып-қызыл қан болып жататын бұл базар еденін ауық-ауық су шашып «тазартып» отырады. Әлбетте, бұл жерден коронавирустың негізгі таратушылары жылаандар мен жарқанаттарды да, аю табыны мен борсық майын да кезіктіре аласыз. Қытайда коронавирусқа 2019 жылдың желтоқсан айының соңғы жағында, алдымен, осы базардың сатушылары мен күнде келіп тамақ ішіп тұратын тұтынушылары шалдыққан. Бұны білген Қытай билігі антигигиенарияның ошағына айналған бұл базарды 1 қаңтарда жауып тастаған еді. Қазіргі таңда бұл жерде полиция мен медицина қызметкерлері сараптама жұмыстарын жүргізуде. Жылан мен жарқанат етінен тараған вирус

тез уақыт аралығында өзге тұрғындарға да жұққан. Байқағанымыздай, жан-жануарлардан және адамдардан тікелей өзге адамдарға да жұғатын коронавирус салдарынан бүгінде үш мыңдай адам ауруханаға түсіп, жүзден астамы жан тапсырды. Ауру жұқтырды деген күдікке ілінгендер саны алты мыңға таяған.

Әлі де болса толыққанды пайда болу себебі мен нақты емі табылмаған осынау жұмбақ аурудың алғашқы белгілерімен жете таныс болғаныңыз абзал. Аурудың алғашқы белгілеріне жедел респираторлық вирустық инфекция секілді тыныс алу жолдарының қабынуы, дем алудың нашарлауы, бас ауруы, ыстықтың көтерілуі, демігу, жөтелу, түшкіру, жүрек қағысының жиілеуі, кеуде тұсының ауырсынуы, пневмония жатады. Вирустың адам денесіне өтуі арқылы тыныс алу жүйесіне, асқазан-ішек жолдарына және жүйке жүйесіне аса ауыр зардап тиеді. Бұның салдары адамның өліміне әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Аурудан сақтансаң ғана сақтары – ақиқат. Алғашқы белгілері тұмауға ұқсас аурудан сақ болу үшін әрдайым маска тағып жүргеніңіз жөн. Және масканы әр үш сағат сайын ауыстырып отыру керек. Соңғы күндері қытай ғалымдары коронавирустың көзін шырышты қабағы арқылы да жұғуы ықтимал деген болжам жасауда. Сол үшін адам қарасы көп жерлерде де көп жүре бермеген абзал.

Мамандардың айтуынша, коронавирустың негізгі белгілері бірден біліне қоймайды. Нақты анықтауға төрт-бес күндей уақыт кетеді. Коронавирус белең алған жерде болған адам он төрт күн бойы дәрігердің бақылауында алынады. Аурудың алдын алу үшін қолды антисептикалық сұйық сабынмен жиі жуып және ет пен жұмыртқаны жегенде жақсылап қуырған жөн. Сондай-ақ, жабайы жануарларға да жоламаған абзал.

Коронавирустың таралу географиясы күннен-күнге кеңейіп келеді. Бүгінде аты жаман дерт Гонконг, Макао, Тайвань, Тайланд, Жапония, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Сингапур, Непал, Малайзия, АҚШ, Канада, Аустралия, Украина мен Шри-Ланка аралдарында тіркеліп отыр. Осыған орай көптеген мемлекеттер Қытаймен әуе жолын жауып, шекараны да қатаң тексеріске алуда. Қытай Халық Республикасымен шығыс шекарасы шектесіп жатқан Қазақстан үшін де коронавирустың қауіпі жоқ емес. Осы мақсатта тұрғындар арасында шекараны мүлде жауып, тауар экспорты мен импортын мүлде тоқтату керек деген пікірлер айтылуда. Уақытша шекара жабылғанымен, Қытайда білім алып жатқан Қазақстан азаматтарының хал-ахуалы аландатпай қоймайтыны сөзсіз. Ухань қаласында 98 қазақстандық студент білім алуда. Қытайдың өзге қалаларында да қазақстандық студенттер мен демалушылар бар. Олар біртіндеп елге қайтарылуда.

Сейсенбі күні Үкіметте өткен баспасөз мәслихатында ҚР Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов қазіргі уақытта елге Қытайдан барлығы 25858 адам келгенін, олардың ішінде қазақстандықтармен қатар шетелдік азаматтар да бар екенін айтып, қызуы көтерілген 23 адамның 4-еуі ӨРВИ инфекциясын жұқтырды деген күдікпен ауруханаға жатқызылғанын хабарлады. Министрлік көрші елден Қазақстанға кірген азаматтардың барлығы жүрген жерлерінде тиісті тексеруден өтіп, сақтық шаралары қолға алынғанын хабарлады. Өзірге, ел ішін дүрліктіруге негіз жоқ.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

(Жалғасы. Басы газеттің 2020 жылғы 10 қаңтардағы (№1 (8165) санында)



Николай Михайлович ГРИГОРЬЕВ (1925-2016)

Григорьев Николай Михайлович 1925 жылы 2 желтоқсанда Ярослав облысының Старово деревнясында тулды. 1947 жылдан бастап Коммунистік партия мүшесі. Қызыл Армия қатарына 1943 жылы қаңтарда қабылданды. Запастағы капитан Николай Михайлович Григорьевке КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығы бойынша Кеңес Одағы Батыры атағы берілді.

Соғыс жүріп жатқанда 17 жастағы балаң жігіт әскери комисариатқа келіп, майданға жіберуді өтінеді. Ол кіші командирлер мектебін 1943 жылы тамызда бітіргеннен кейін майдандағы 65-Армияның 354-атқыштар дивизиясына барды. Алғашында пулеметші болды. Ерлік көрсеткені үшін барлау взвод командирінің орынбасарлығына ауыстырылды. Кеңес әскері 1944 жылы күзде кеңестік Белоруссия жерін азат етіп, соғыс қимылдарын Польшада жүргізді. Берлинге 500 шақырым қалды. Бірақ жау су бөгеттерін пайдаланып, әлі де қатты қарсылық көрсетті. Дивизия бөлімдері Нарев өзеніне шыққаннан кейін тоқтап, неміс фашистерін өз үңгірінде біржолата талқандау үшін соңғы әрі шешуші шабуылға әзірленді.

Қыркүйек айының соңында комсомол Н.Григорьев қызмет ететін полктың алдына Нарев өзенінен өту міндеті қойылды. Сержант Н. Григорьев бастаған 15 барлаушыға кешкі қараңғылықта жамылып Нарев өзеніне шығу, өткел тауып, ешбір дыбыс шығармай өзеннен өту, жаудың әскерлері мен техника күшін анықтау, мүмкін болғанша плацдармды алу тапсырылды. Барлаушылар қас қарайған соң өзенте шықты. Өткелді тауып алысымен ешбір сыбыс білдірмей, өзеннен өтіп, жаудың мина қойған алаңдары мен инженерлік қоршауынан шығып, ойдамаған жерден фашистерге лап қойды. Немістер барлаушылардың тегеурініне шыдай алмай, сасқалақтап қашты. Григорьевтің тобы плацдармды алды. Бірақ жау маңызды шебін беріп қойғандарына келіспеді. Таң атқысымен олар қайта шабуылға шықты. Біздің ержүрек батырларымыз жау қысымына төтеп беріп, өздері басып алған «алақандай» жерді екі тәулік ұстап тұрды. Көп уақыт отпей-ақ осы плацдармнан бүкіл дивизия шабуылға шықты. Осы шайқастағы көрсеткен ерлігі

ҚАҒАРМАНДАР



мен батырлығы үшін сержант Николай Михайлович Григорьевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ержүрек барлаушы фашистерге Жеңіс күні жеткенге дейін соққы берді. Жапон милитаристерін талқандауға да қатысты. Бұл ұрыстарда ол «Қызыл Жұлдыз» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды. 1958 жылы Одессаның әскери жау әскер училищесін бітірген.

1961 жылы Жезказған қаласына келіп, осы қалада 35 жыл тұрды. Қатардағы капитан Николай Михайлович Жезказған қаласындағы еңбек жолын Қ.Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезказған кен-металлургия комбинатында теміржол саласының кадрлар бөлімі қызметкерінен бастайды.

Қ.Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезказған кен-металлургия комбинатында азаматтық қорғаныстың аға инженері, штаб бастығының орынбасары болып қызмет еткен.

1990 жылы Н.М.Григорьев Жезказғаннан Ресей Федерациясының Свердловск облысы Заречный қаласына қоныс аударды. 2005 жылдың 9 мамырында Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты шеруге қатысты. 2016 жылдың 26 тамызында қайтыс болды.

Анатолий Павлович ЖИВОВ (1925-1944)

Анатолий Павлович Живов 1925 жылы 8 наурызда Москвада жұмысшы Павел Иванович Живовтың отбасында тулды. Ол 15 жасында Мәскеу зауыттарының бірінде слесарьдың оқушысы болып жұмыс істеді. Өйткені әкесі қайтыс болып, шешесінің қолында төрт бала қалған еді. Анатолий жұмысы мамандығын тез-ақ менеріп, тәуір табыс тапты. Бұл үй-ішіне үлкен көмек болды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Анатолий Живов өзінің мыңдаған замандастары сияқты жергілікті әуе қорғанысының жауынгері болды. Фашистер 1941 жылы тамызда



Никопольск марганац кені тұрған жерді басып алды. Жау біздің еліміздің брондык болатты өндіруге аса маңызды компонент болып табылатын марганац кенін басып алғанына қатты қуанды.

Үкімет бұл жағдайды ескеріп, Қарағанды облысының Жезказған ауданындағы Жезді сәуі-мекенінде марганац өндіретін рудник ашу жөнінде шешім қабылдады. 1942 жылдың жазында әскерге шақырылған маскеулік жұмысшылардың үлкен бір тобы Жезді марганац кенінің құрылысына жіберілді. Оған топпен бірге Жездіге Анатолий Живов та келді. Жезді марганац руднигі қысқа мерзімде, яғни 38 күнде салынып бітіп, қорғаныс өнеркәсібінде маңызды стратегиялық металл алынды.

А. Живов өз еркімен рудникте жұмыс істей жүріп басқа да көптеген жас патриоттар сияқты фашистердің көзін жою үшін майданға сұранды. Сөйтіп, 1943 жылы мамырда он сегіз жасар Анатолий өз еркімен майданға аттанады.

Байланыс взводның телефонисі Анатолий Павлович Живов бір жылға жетер-жетпес уақыт қана соғысты. Бірақ, ол өзін тарлан жауынгерлердей көрсете білді.

Міне, Анатолий Живовтың есімін тарихта мәңгі қалдырған күн де келді. 1944 жылы 4 сәуірде Тернополь қаласының көшелерінде кескілескен ұрыс болды. Берік бекініп алған жау бекінісіне шабуылдаушы топта байланысшы Анатолий Живов та болды. Әсіресе, амбразураалардың бірінен бораған оқ біздің жауынгерлерді қыршып етті. Командование бұл атыс орнын жоюды ұйғарғанда Анатолий бұған өзі сұранды. Шабуылдаушы топтың мылтық және пулемет оқтарының астын тасалай отырып, ол амбразураға еңбектеп жетті де, жанармай құйылған шөлмекті лақтырды. Атыс орны сал үнсіз тұрды да қайта ата бастаған соң Анатолий алға ұмтылып, оны денесімен жапты. Жау атыс орнының үні өшті. Оның жолдастары шабуылға құйындай көтеріліп, өз досының өлімі үшін жаудан кек алды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 23 қыркүйектегі Жарлығы бойынша Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Анатолий Павлович Живовқа қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Закир Лутфрахманович АСФАНДЬЯРОВ (1918-1977)

Закир Лутфрахманович Асфандьяров 1918 жылы Башқұрт АССР-інің Красноуфьел ауданындағы Утяк селосында туған. 1939 жылы ол Омбы әскери училищесінің курсанты болды. Одан кейін Қиыр Шығыста әскери қызмет атқарды. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде артиллерия зеңбірегінің командирі ретінде алғы шепте болды.

Зеңбірек рәсметінің командирі Закир Асфандьяров өзінің жаумен алғаш шайқасын Мәскеу үшін шайқаста Тихвин қаласы түбінде бастады. Жауға қарсы Курск түбінде



Днепрде соққы беріп, Винница мен Львов қалаларын азат етті және Висла мен Одерден өтіп, соғысты Берлинде аяқтады. Сержант Закир Лутфрахмановичтің рәсметі соғыс кезінде фашистердің ондаған танкісін, машиналарын, зеңбіректерін, пулеметтерін және көптеген солдаттары мен офицерлерін жойды. Төрт күнге, яғни, 1943 жылғы 5-9 шілде аралығында оның рәсметі Курск шайқасында жаудың тоғыз танкісін қиратып, көптеген жауынгерлерін қырды. Осы ұрыстағы ерлігі мен жауынгерлік шеберлігі үшін ол Қызыл Ту орденімен марапатталды. Закир Лутфрахманович, әсіресе Корсунь-Шевченко операциясында батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетті.

Жау 1944 жылы 25 қаңтарда Винница облысының «1 Май» совхозы жерінде қарсы шабуылға шықты. Жаудың жау әскерін көптеген ұшақтар мен танктер сүйемелдеді. Асфандьяровтың рәсметі жаудың танктеріне қорықпастан қарсы соғысты. Рәсмет жаудың 10 танкісін және көптеген солдаттарын жойып, олардың шабуылын тойтарып.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 1 шілдедегі Жарлығы бойынша Закир Лутфрахмановичке Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Батыр мұнан кейін де фашистік басқыншыларға қарсы ерлікпен күресті. Львовты азат ету ұрысында шеберлік пен ержүректік көрсеткені үшін ол I дәрежелі Отан соғысы орденімен, Берлинді алуға Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Асфандьяров Польша үшін болған ұрыста да көзге түсіп, «Варшаваны азат еткендігі үшін» медалімен, «Польшаның азаттығы және тәуелсіздігі үшін» медалімен марапатталды.

Кеңес Армиясы қатарынан батарес старшинасы болып орады. Соғыстан кейін көп уақыт Балқашта тұрып, Шығыс Қонырат руднигінің №6 шахтасында тірсуші, ауысым мастери, ауысым бастығы болып істеді.

1977 жылы 4 қаңтарда дүниеден өтеді. Женістің 30 жылдығы қарсаңында Балқаш қаласының еңбекші депутаттар Кеңесінің 1975 жылғы 20 наурыздағы шешімі бойынша Закир Асфандьяровқа «Балқаш қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Балқаш қалалық мәслихатының 19.01.2000 жылғы №3/31 шешімі бойынша Жданов көшесіне Закир Асфандьяровтың есімі берілді.

Мәліметтер Жезказған қалалық мемлекеттік архивінің 322-қор, 1-түзілме, 1, 2-сқақтау бірліктері құжаттарынан алынды

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Жезказған қаласындағы №10 жалпы орта білім беретін мектебінде «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалаң...» атты кездесу өтті. Бұл жолғы кездесудің қонақтары мамандығы үлгі болған өндіріс саласының еңбеккерлері – Нарбаевтар әулеті. Айтулы шараны «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» ҚБ ұйымдастырды.

Қазақтың біртуар ұлы, айтулы жазушысы Жүсіпбек Аймауытов «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың гана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген екен. Иә, орындай айтылған сөз. Міне, бүгінгі кездесудің өкілдері – үлкен өнермен, зор шеберлікпен атадан балаға жалғасып келе жатқан бір мамандықтың хас шеберлері.

Бүгінгі екі отбасынан тараған марқұм Әбжәлел және Шегір Нарбаевтардың жалпы еңбек өтілдері – 458 жыл. Іс-шара барысында сахна төрінен 45 жыл Жезказған мыс қорыту зауытында абыройлы еңбек етіп, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған Қуанышбек Әбжәлелұлы, 40 жыл еңбек өтілі бар Жаксылық Шегірұлының, Сағат, Марат

Әбжәлелұлының отбасы орын алды. Ата-сы бастаған өндірістегі данқты еңбек жолды қазірде балалары, немерелері жалғастыруда.

Жүргізуші үлкен әулеттің әрқайсысын жеке-жеке еңбек өтілімен атап, таныстырып шықты. Осыдан кейін сұрақ-жауапқа ұласып, ерекше естеліктер айтылып, жастарға болашақта мамандық таңдауда адалдығын, жүрегі сүйген мамандық иесі болуларына ақыл-кеңестерін айтты. Шара барысында өсіп-өнген ұлағатты әулеттің мамандығы мен мамандықтың сан қилы салалары және онегелі өмір жолдарының арнайы деректі фильм көрсетілді. Нарбаевтар әулетінің онегелі істерін тілге тиек еткен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров тағлымды шараның өске-



лең ұрпаққа берері мол екенін және мамандық таңдауда қателеспей қажеттігін айтты. Құттықтаулар легін жалғаған құю-механикалық зауытының кәсіподақ төрағасы Асқар Құлмағамбетов зріптесі отыз жылға жуық еңбек өтілі бар, табан аудармастан зауытта абыройлы еңбек еткен Қанат Нарбаевтай ұлды тәрбиелеген әкесі Қуанышбек ата мен анасы Киулош әжейге ризашылығын білдіріп, сый-таралғыларын ұсынды.

Аталған отбасының замандастары, сыйлас достары және №10 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Әлия Бәжібаева жылы лебіздерін білдірді. Оқушылар тарапынан өздерін қызықтырған сұрақтар қойып, көңіл толарлық жауаптар алды. Тағалымы мол кеш барысында әсем ән шырылалып, күмірленген күй шалқиды.

Нарбаевтар әулетінің ұйытқысы Қуанышбек атай ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, қаз ұрпақты білім әлеміне жетелеген ұстаздарға және олардың шәкірттеріне ақ батасын берді.

Ізгілеу ТҮСНПОВ

АРХИВТІК АНЫҚТАМАНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?



www.egov.kz

Архив – тарихи деректік құжаттар сақталатын алтын қазына, мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы.

«Жезказған қаласының мемлекеттік архиві» КММ және жеке құрам бойынша филиалының басты және маңызды жұмыстарының бірі сапалы мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 138 бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Архивтік анықтама – бұл ресми құжат, оның көмегімен «өткен оқиғаны қайта жасауға» болады. Өрбір адамға өмірде бір рет Архивтік анықтама алу қажет. 13.05.2019 жылғы «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінді көшірмелерді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына өзгерістер енгізілуіне байланысты енді анықтама алу үшін архивке бару талап етілмейді, себебі мемлекеттік қызмет:

- 1) «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (ХҚКО);
- 2) «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz. веб-порталы

арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) жүгінген кезде өтініш беру және анықтама алу үшін мынадай құжаттар қажет: жеке басын куәландыратын құжат және өкілеттігін растайтын құжат – заңды тұлға үшін не нотариалды куәландырылған сенімхат – жеке тұлға үшін; нысан бойынша өтініш. Сұратылған мәліметтерді растайтын құжаттар болған кезде өтінішке олардың көшірмелері қоса беріледі.

Өтініш бергеннен кейін 11 жұмыс күні ішінде архивтік анықтама орындалады. Дайын құжат ХҚКО-ға өтініш берген жері бойынша келіп түседі.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті алудың артықшылықтары бұл құжаттардың ең аз пакеті, мемлекеттік қызметті көрсету бойынша мүмкіндігі шектелуі адамдарға үйге барып көмек көрсету, сыбайлас жемқорлық қол сұғушылық мүмкіндігін болмауы.

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы www.egov.kz. мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет, өйткені электрондық сұрау салу сұрау салуды жіберген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады. Өтінімді портал арқылы бере отырып, өтініш беруші белгіленген нысандағы өтінішті толтырады, қажетті құжаттарды электрондық қолтаңбамен куәландырады.

Өтініш тіркелген күннен бастап 11 жұмыс күні ішінде өтінімде көрсетілген электрондық поштаға архивтік анықтаманың скан - нұсқасы жіберіледі. Егер өтініш берушіге Архивтік анықтама беруден бас тартылса, оның порталдағы жеке кабинетіне бас тарту себебін түсіндіре

отырып хабарлама келіп түседі.

«Электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы мемлекеттік қызметті алудың артықшылықтары – бұл кезектің болмауы, уақытты үнемдеу, мемлекеттік архивтерге бару мүмкіндігі жоқ, тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн кіру мүмкіндігін береді.

Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары архивтен мынадай мәліметтерді сұрата алады: еңбек өтілін, еңбекақы мөлшерін, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аударуды, білім беруді, марапаттауды, ғылыми дәрежелер мен атақтар беруді, қала мен облысты қайта атау туралы, көшелерді қайта атау туралы, ұйымдар мен мекемелердің қызметі туралы, құқық белгілейтін құжаттар туралы растау немесе жоқ екендігі туралы архивтік анықтамалар.

Сондай-ақ архивтік құжаттардың куәландырылған көшірмелері немесе архивтік үзінділер аталған мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. Жезказған қаласының мемлекеттік архиві мен оның филиалы Қазақстан Республикасының алыс және жақын шетел азаматтарының сұраныстарын орындайды, олардың саны жылдан жылға артып келеді. 2019 жылы барлығы 4396 сұраныс орындалды.

Біздің архивімізге қаланың және бұрынғы Жезказған облысының барлық кәсіпорындары мен ұйымдарының құжаттары тапсырылмаған: Жезказған Ленин ордені атындағы тау-кен металлургия комбинатының жеке құрам бойынша құжаттары -Жезказған к., Металлург к-сі, I мекенжайы бойынша орналасқан «Қазақмыс» корпорациясының ведомстволық архивінде сақталды;

– Жезказған к., Алаш алаңы, I мекенжайы бойынша Жезказған к. (АХАЖ) архивінде туу туралы, қайтыс болу, неке кино/бузу туралы акт жазбалары (қалалық әкімдік ғимараты, 5-ші қабат) сақталған;

– Жезказған к., Әміралин к-сі, 26 мекенжайы бойынша Жезказған к. Қорғаныс басқармасында (әскери комиссариат) әскери қызмет өткеру туралы мәліметтер;

– Жезказған к., шахта проходкалуа тресінің (ЖШПТ) құжаттары сол мекеменің кадрлар бөлімінде Жезказған қаласы, М. Жәлел көшесі, 8 мекенжайы бойынша орналасқан.

– ЖЭО (ТЭЦ) құжаттары Жезказған қаласы, өндірістік аймақ мекенжайы бойынша Жезказған ЖЭО-ның кадрлар бөлімінде сақталған.

«Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік көшірмелерді беру» мемлекеттік қызмет стандартында соңғы өзгерістерге байланысты тек жылдам өтініш беріп қана қоймай, еліміздің кез келген аймағынан дайын архивтік анықтаманы алуға мүмкіндік береді.

Сұрақтар бойынша «Жезказған қаласының мемлекеттік архиві» КММ-не Жезказған қаласы, Титов көшесі, 22, тел.72-31-23; Жезказған қаласы мемлекеттік архивінің жеке құрам бойынша филиалына Жезказған қаласы, Алаш алаңы 1, 710 каб. мекенжайы бойынша хабарласуға болады, тел. 41-07-03.

Айнұр ЖАҚАНОВА,
Жезказған қаласының мемлекеттік архиві мемлекеттік қызмет көрсету секторының басшысы

Мұқағали Мұханбетқалиұлы СЕЙТҚАЗЫ – 1994 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылында дүниеге келген. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің түлегі. Қарағанды қаласы әкімінің «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты (2011 жыл); Алматы қаласында өткен «Мен жастарға сенемін» атты студенттердің республикалық патриоттық фестивалінің дипломанты (2013 жыл); Бірнеше облыстық, республикалық жыр мұшәйраларының жүлдегері. 2018 жылғы 6 қыркүйекте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп, облыс жастары атынан сөз сөйлеп, өлеңін оқып, батасын алған. Жезқазған қаласы әкімінің «Жыл ақыны» сыйлығының иегері (2019 жыл). «Үшқан ұям – Ұлытау» (2015 жыл), «Қара кітап» (2019 жыл) кітаптарының авторы.

Ұлытау

Өткеніме кепілсің, Ұлытау,
Ертеңіме көпірсің, Ұлытау?
Ашық аспан астындағы қазақтың,
Мұражайы секілдісің, Ұлытау!

Алашқа Алтын Ордамысың, Ұлытау?
Ұлттық рухтың қорғанысың, Ұлытау.
Биігінен елім ұйып тындаған,
Елбасының толғауысың, Ұлытау.

Ұлтқа жылы ұямысың, Ұлытау,
Бауырыңа ел жиямысың, Ұлытау.
Өлеңіңе арқау етсе мың ақын,
Көлеміне сиямысың, Ұлытау?!

Болмысыңмен бағаласың, Ұлытау,
Қалың қазақ қалауысың, Ұлытау.

...Көктемде суға кеткен аз болғандай,
Көкбелде қырылуға киіктері.

Сөйлемейін ақылды адамдарша,
(Құлақ түрер дейсің қоғам, оған қанша?)
Ақбөкендер – сұлулық символы еді,
Сәнің қашты,
Қайран дала, амал қанша?..

Бал жұтып, қан түкіріп замана тұр,
Жаннан артық болуда қара бақыр.
Ақан, Біржан ән салған атырапты,
Гептидің «У»-ы жайлап бара жатыр.

Бола алмайды сендерге жырым дәрі,
Оңалмайды өлеңмен мұның бәрі.
...Жүз жиырма түн жұлдызы сөнгені ғой,
Жүз жиырма мың киіктің қырылғаны.

Өкпеге кимай өңінді,
Барлығын бірден ұғынғам.
Көңілді қойшы, көңілді
Ауа-райындай құбылған.

Сездірмей мына ызғарды,
Ерітші жүрек бар мұзын.
Қыздарды қойшы, қыздарды
Өзіңсің менің жалғызым.

Тағдырға кімдер қас қыпты,
Дегенін дәйім асырар.
Жастықты қойшы, жастықты
Жауындай ертен басылар.

Жүрегім менің жаралы,
Сезімнен басқа не күтті?
Даланы қойшы, даланы
Ерніңе көктем келіпті!

«Ақын» замандастарыма

Талай сынақ-өткелдерден өтіп ем,
Азат болып, арман күнге жетіп ем.
Ел түзелді, сөзді бұзып алдық қой,
Абайды бір оқындаршы өтінем.

Талант іздеп жаңа келген ғасырдан,
Тағдыр жасап, «тарих» айтып тасынған.
Буын, тармақ дегендерді қайталап,
Бірек шумақ жаттандаршы Қасымнан.



ҚАЙТПАЛАНАТТЫҢ УАҚЫТТА ҚАЙТПАЛАНБАЙТЫҢ СӘТТЕР-АЙ!

Алла өзі отын жағып үрлеген,
Мәңгілік ел алауысың, Ұлытау!

Даңқыменен көк тіредің, Ұлытау,
Бір-бір күмбез тектілерің, Ұлытау.
Тәуелсіз ел төріндегі бар тойды,
Сенің тойың деп білемін, Ұлытау!

Сәттер

«...Уақыт өтіп барады-ау, оны қойшы,
Сәттер өтіп барады, осы жаман».
Қадыр Мырза Әли.

Сәттерім менің, сәттерім,
Ұрынбас жерге ұрынған.
Өзіме аян өткенім,
Жығылмас жерде жығылғам.

Жастықтың буы бұрқырап,
Сыңар ғып көңіл сәйкесін.
Өткінісі сәттер ұмтылад,
Өкінішті сәтті қайтесің?

Тағдырдың соқса бораны,
Сыйламас шаттық әр күнін.
Қас-қағым сәттер болады,
Тастағың келер барлығын.

Жалғанда жүйрік ой кезбе,
Қиялдағыға сенгендей.
Жұлқынып тұрам кей кезде,
Жұлдызды сәтім келгендей.

Болмайды мұнда келісім,
Береді жылдар бағаңды.
Бәрінен қымбат мен үшін,
Қуантқан сәттер Анамды.

Сағаттың тілі – данышпан,
Қоймайды жоспар құрмасқа.
Төзімді талай тауысқан,
Сезімнің сәті бір басқа!..

Бұл өмір бізге бақыт па?
Көңілде көп қой «әттең-ай».
Қайталанатын уақытта,
Қайталанбайтын сәттер-ай!

Жыр-думан

Алматы,
Қонақүй, «Шамшырақ»,
Болашақ ақындар табысты.
Бәрі де намысын қамшылап,
Жырларын оқудан жарысты.

Алатау жұлдызы тым жарық,
Барлығы алыстан келгендер.
Өнердің ордасы нұрланып,
Тартысты сөздегі зергерлер.

Өргүрлі мектептер расында,
Әркімнің бөлек қой жазары.
Қарашы, отыр ғой, осында,
Қырдың да, Сырдың да қазағы.

Біреулер елдікті даралап,
Біреулер жыр етті қаласын.
Поэзия жалғайды аралап,
Батыс пен Шығыстың арасын.

...Батқанда жарық күн бозарып,
Шуақтың қадірін білер ең.
Арқаның ұлы боп сөз алып,
Мен-дағы оқыдым бір өлең.

«Жүп болсын!», – деді бір баяу үн,
Аққуба, бұрымды, қиғаш қас.
Шашымды қайырып қоямын,
Өзімше еліктеп Мирасқа.

Жалынды жастардан шу қалды,
Жыр кеші өзінше жеке бақ.
Жиырма ақын бастап ек думанды,
Таңғы төрт...
Қалыпшыз екеу-ақ...

Сәнің қашты, қайран дала...

Сарыарқаның не жазды сүйікті елі?,
Аласарып барады биіктері.

Мамыр айы жараға тұз кеп септі,
Кенгір кеші көріксіз күз боп кетті.
Кім білер?,
Жез-мекеннің «Жезкігі»,
Көкімбек ағамызды іздеп кетті.

Маған сені жақсы көрген ұнайды

Жырмен ғана жеткіземін лебізді,
Өмір мені әлі талай сынаиды.
Өлеңіме арқау қылып негізгі,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Қараша кеп, қаңырады солғын бақ,
Қайындар да — адамдарша жылайды.
Армандардың арасынан қол бұлғап,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Кім түсінер күзге айналған күйімді,
Бір ой келіп қозғайды ғой мың ойды.
Тағдырымнан тартып алып сыйымды,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Махаббатты жүрмесем де ұран ғып,
Жүрек дәйім сені ғана сұрайды.
Соңғы үмітті тағып алып — тұмар ғып,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Жұлдыздар да жазғанымды жаттапты,

«Мұқағали деп сенің атыңды тура қойыпты».

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті.**

«Поэзия табиғатына тән тазалық, Мұқағалидың жастық жігерімен барынша жарасым тапқан. Қазіргі кейбір жас ақындарға тән жоқтан жұмбақ жасап, елске есі кетіп, пәлсапа іздейтіндердің қатарында емес, қазақы қара өлеңнің қасиетін қадыр тұтағыны көрініп-ақ тұр. Қызылды-жасылды көз арбайтын сұлу сөздерден ада кәдімгі ұлттық тілдің уызы!».

**Қойлыбай АСАНҰЛЫ,
Филология ғылымдарының докторы, профессор.**

«Техникасы жақсы! Абстрактілі ойлауы биік. Табиғатпен үндес өлеңдерінен өзінше леп байқалады. Жастыққа тән амбиция бар. Ол өлеңнің өміршендігіне ұласса деймін. Бәріміз де өлең өлкесіне әрі имене, әрі өктемсі келгенбіз. Талабыңа нұр жаусын!».

**Асылзат АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ,
«Шабыт» Халықаралық жастар фестивалінің лауреаты.**

«Мұқағали бауырым, мен ақын емеспін, бірақ, поэзияны ерекше сүйем. Себебі, мен өлеңнен өз өмірімді іздеймін. Жақсы жырлар жанымды жадыратады, көңілімдегі мұңның бұлтын сейілтеді. Сенің жырларыңнан ерекше ләззат алдым, қуаттандым!».

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты.**

Өздеріңше олар да өлең құрайды.
Қиялыма ерік беріп тәп-тәтті,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Күдігінді жауған қарға жеңдіріп,
Көңілдегі сейілтпін көк тұманды.
Бір бақыттың күтеріне сендіріп,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Ғашықтардың шырқалады әні бір,
Күтуменен өткізермін жыл-айды.
«Сүймеймін», — деп айтсаң-дағы бәрібір,
Маған сені жақсы көрген ұнайды.

Сезім сыры

Жастық жырымды кім ұқты?
Жаньма дауа іздеймін.
Күдікті қойшы, күдікті
Үмітті сенен үзбеймін.

Қаза алмасаң не қыласың тереңді?,
«Терен» сенің көрсетпейді өренді.
Мен сендерге ештеңе де демес ем,
Мұқағали солай жазса өлеңді.

Қадыр қайда жырмен жанды емдейтін?,
Тұнық оймен жүрек қылын тербейтін.
«Шедевр» қай ұрпақтың мұрасы?,
Не оқуға, не жаттауға келмейтін.

Шыбық көрсе,
«Шың басында – шынар», – деп,
Қара аспанды төндіруге құмар көп...
Жайлыбайды жастанып жат, замандас,
Ал, Ақсұңқар туылады бір-ақ рет.

Өздеріңше Есенинсің, Дантесің,
Мыннан бірге бұйырады мәрт есім.
Көк Түрік бол, Көк бөрі бол, көкжал бол,
Темірхандай жаза алмайсың, қайтесің?!!

Қазан айына өкпе...

Қарғыс атқыр қазан айы өттің бе,
Дегеніңе жетпедің бе, жеттің бе?
Қарашаны күтіп жүрген тағатсыз,
Менің аңғал Анамды алып кеттің бе?..

Жалған мынау шыныменен бес күн бе,

Жырдың туы - қуанам, желбіресе,
Жүректерде үміт-от сөнді неше...
...Патшадай ғып өсірген ерке балаң,
Патшаның қолын алып келді кеше!

Жүруші едің ісіме алаңдап әр,
(Тентек ұлың осылай адам болар.)
Жақсы болсам - жақсы сөз маған келер,
Жаман болсам - жаман сөз саған барар.

...Ертең менің үйлену тойым, Ана,
Елдің ұлы бөлу ғой, ойым, Ана.
Екіленіп шықсам да қай биікке,
Есімде сен тұрасың дәйім, Ана.

1 қазан

Қаралы күн - қазанның бірі маған,
Тағы кірді түсіме бүгін Анам.
Көп бөгіліп тұрмады, ғайып болды,
Көру үшін келгендей ұлын аман.

Көңіліңдеу атырдым таңды мына,
Күздің әні – ұқсайды жаңбырына.
Өз дегенін бәрібір жасайтұғын,
Өкпелеуді қойғанмын Тағдырыма.

Өкпелеуді қойғанмын Тағдырыма,
Өлеңдерім емдейді жанды мына.
Бауырымдай қараймын бірге туған,
Анасы жоқ адамның барлығына.

Қолдан келер, қол жаю аруаққа,
Дұғамыздан жақсылық дарымақ па?..
...«Қара кітап» – шығардык биыл жазда,
Қара құлып тұр қара шаңырақта.

Елендейсің біз жакқа есіл Ана,
Ерке күнді жүремің есіме ала.
Сен өмірден кеткен соң амалсыздан,
Біз ауылдан кеткенбіз көшіп, Ана.
Кешір, Ана!

Көктеммен сәлемдесу

Көктем, көктем, Гүл-Көктем аманбысың?!
Қандай хабар айтады маған құсың?
Ақ жаңбырың ұқсайды көз жасыма
Мені қатты сағынған Анамбысың?.

Көктем, көктем, Нұр-Көктем қалың-қалай?
Жеткіземін жастықтың әні қалай?!
Тәнім тәтті кешінді аңсап жүр ғой,
Жаным жұпар иісінді сағынғаны-ай!

Көктем, көктем, Жыр-Көктем асықпаған,
Күткен сайын кешігіп, қашықтаған.
Ақындардың бәрі де ғашық саған,
Адамдардың барлығы асық саған.

Көктем, көктем, Ал, Көктем төрлет деймін,
Әуеніммен әдемі тербет деймін.
Сен келмесең, мен саған бара алмаймын,
Сен кетпесең, жаныңнан мен кетпеймін.

Көктем, көктем, бұл көктем-басқа көктем,
Басқа көктем екенің, рас па көктем?!
Менің «ТАҒДЫР», – дейтұғын дәптерімнің,
Өзің жаңа беттерін баста Көктем!..

Өлең-Ғұмыр

Өлең-кеуде мазалайды жанымды,
Өлең-жүрек өткен күнді сағынды.
Өлең-дала шақырады алыстан,
Өлең-өмір таба алмай жүр бабымды.

Өлең-тағдыр өкпелейді несіне,
Өлең-жастық келді маған кешіге.
Өлең-көктем Кеңгір қолдің келбегі,
Өлең-уақыт ертеңді сал есіме.

Өлең-құстар ашар көңіл сарайын,
Өлең-үміт жазар жырдың талайын.
Өлең-сезім өкініштің айнасы,
Өлең-дүние өтірікші ағайын.

Өлең-ғұмыр бұйыршы тек бағыма,
Өлең-дүбір топқа түсір тағы да.
Өлең-әлем мойындайды мені әлі,
Өлең-ару қарайлап жүр жолыма!

Ана-жүрек, сезеді-ау бәрін-бәрін,
Армандарға адымдап дамылдадым.
Өлең жазсам - өзіңді сағынғаным,
Жазбай кетсем - Тағдырға бағынғаным.

QAZAQSTAN 06:05 «Másece» 06:35 «Құрбылар» 07:00 «TANSHOLPAN» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NIET» 14:00 AQPAPAT 14:10 «Kócecm» 16:00 «Арта» 16:45 «Balany kóñi-li...» 17:00 AQPAPAT 17:15 «Осет» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 AQPAPAT 20:35 «ASHYQ ALAN» 21:30 «KÓCEM» 22:30 «ӨУЛЕТ АРЫ» 23:25 «ЭЗЫМАН» 00:25 AQPAPAT 00:55 «Niet» 02:30 «Kóñil tolyqu»

06:00 «7 күн» 07:00 «Көрмідік» 07:25 «Қызқ times» 08:40 «Келінжан» 09:30 «Тайталас» 10:20 «Листопад» 12:00 Жаңалықтар. НОВОСТИ 12:30 «Баспапаға бағыт» 13:00 «Семейный альбом» 14:50 «Келінжан» 16:30 «Қызқ times» 17:45 «Абдулхамид хан» 19:30 Қорытылды жаңалықтар 20:00 «Тайталас» 20:50 «Народный контроль» 21:00 Итоги дня 21:40 «Листопад» 23:15 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT 06:35 «Құрбылар» 07:00 «TANSHOLPAN» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NIET» 14:00 AQPAPAT 14:10 «Kócecm» 15:10 «Өулет ары» 16:00 «MENIN QAZAQSTANYM» 16:25 «Nur Tiley» 17:00 AQPAPAT 17:15 «Осет» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 AQPAPAT 20:35 «ASHYQ ALAN» 21:30 «KÓCEM» 22:30 «ӨУЛЕТ АРЫ» 23:25 «ЭЗЫМАН» 00:25 AQPAPAT 00:55 «Niet» 02:30 «Менің Qazaqstanym»

06:00 Қорытылды жаңалықтар 07:15 «Көрмідік» 07:40 «Қызқ times» 08:40 «Келінжан» 09:30 «Тайталас» 10:20 «Листопад» 12:00 Жаңалықтар. НОВОСТИ 12:30 «Баспапаға бағыт» 13:00 «Родные люди» 14:50 «Келінжан» 16:30 «Қызқ times» 17:45 «Абдулхамид хан» 19:30 Қорытылды жаңалықтар 20:00 «Тайталас» 20:50 Новий курс 21:00 Итоги дня 21:40 «Листопад» 23:15 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT 06:35 «Құрбылар» 07:00 «TANSHOLPAN» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NIET» 14:00 AQPAPAT 14:10 «Kócecm» 15:10 «Өулет ары» 16:00 «Сен де бір кірші дүниге» 17:00 AQPAPAT 17:15 «Осет» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 AQPAPAT 20:35 «ASHYQ ALAN» 21:30 «KÓCEM» 22:30 «ӨУЛЕТ АРЫ» 23:25 «ЭЗЫМАН» 00:25 AQPAPAT 00:55 «Niet» 02:30 «Тұлға»

06:00 Қорытылды жаңалықтар 07:15 «Көрмідік» 07:40 «Қызқ times» 08:40 «Келінжан» 09:30 «Тайталас» 10:20 «Листопад» 12:00 Жаңалықтар. НОВОСТИ 12:30 «Баспапаға бағыт» 13:00 «Родные люди» 14:50 «Келінжан» 16:30 «Қызқ times» 17:45 «Абдулхамид хан» 19:30 Қорытылды жаңалықтар 20:00 «Тайталас» 20:50 «Біздің назарда» 21:00 Итоги дня 21:40 «Листопад» 23:15 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT 06:35 «Құрбылар» 07:00 «TANSHOLPAN» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NIET» 14:00 AQPAPAT 14:10 «Kócecm» 15:10 «Өулет ары» 16:00 «БІР КҮН» 16:25 «ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАҚСТАН» 17:15 «Осет» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 AQPAPAT 20:35 «ASHYQ ALAN» 21:30 «KÓCEM» 22:30 «ӨУЛЕТ АРЫ» 23:25 «ЭЗЫМАН» 00:25 AQPAPAT 00:55 «Niet» 02:30 «Бір күн»

06:00 Қорытылды жаңалықтар 07:15 «Көрмідік» 07:40 «Қызқ times» 08:40 «Келінжан» 09:30 «Тайталас» 10:20 «Листопад» 12:00 Жаңалықтар. НОВОСТИ 12:30 «Баспапаға бағыт» 13:00 «Родные люди» 14:50 «Келінжан» 16:30 «Қызқ times» 17:45 «Абдулхамид хан» 19:30 Қорытылды жаңалықтар 20:00 «Тайталас» 20:50 Отырылты диалог 21:00 Итоги дня 21:40 «Листопад» 23:15 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT 06:35 «Құрбылар» 07:00 «TANSHOLPAN» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NIET» 14:00 AQPAPAT 14:10 «Kócecm» 15:10 «Өулет ары» 16:00 «Мман өзсігі» 16:25 «АЗАМАТ» 17:00 AQPAPAT 17:15 «Осет» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 AQPAPAT 20:35 «ASHYQ ALAN» 21:30 «KÓCEM» 22:30 «ӨУЛЕТ АРЫ» 23:25 «ЭЗЫМАН» 00:25 AQPAPAT 00:55 «Niet» 02:30 «Бір күн»

06:00 Қорытылды жаңалықтар 07:15 «Көрмідік» 07:40 «Қызқ times» 08:40 «Келінжан» 09:30 «Тайталас» 10:20 «Листопад» 12:00 Жаңалықтар. НОВОСТИ 12:30 «Патриот» 13:00 «Родные люди» 14:50 «Давайте говорить!» 16:00 «Реалия. Сегодня» 16:20 «Қоғамдық талқылау» 17:20 «Журналистік зерттеу» шікленіп «Волептер» 17:45 «Абдулхамид хан» 19:30 Қорытылды жаңалықтар 20:00 «Тайталас» 20:50 Новий курс 21:00 «Төрлетіңіз»

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT 06:35 «Құрбылар» 07:00 «TANSHOLPAN» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NIET» 14:00 AQPAPAT 14:10 «Kócecm» 15:10 «Өулет ары» 16:00 «Мман өзсігі» 16:25 «АЗАМАТ» 17:00 AQPAPAT 17:15 «Осет» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 AQPAPAT 20:35 «ASHYQ ALAN» 21:30 «KÓCEM» 22:30 «ӨУЛЕТ АРЫ» 23:25 «ЭЗЫМАН» 00:25 AQPAPAT 00:55 «Niet» 02:30 «Бір күн»

06:00 «Тамаша» 07:15 «Арқада салған ән қандай...» 09:30 «Көрмідік» 10:30 «Дорога Кымбат» 11:00 «Не туристы» 11:30 «Отжалы отбасы» 12:00 «Нильс Хольгерсон» 12:30 «Юбилейный концерт Сосо Павлиашвили» 14:45 «От всего сердца» 15:50 «Қызқ times» 17:30 «Поленисевтер» 17:30 «Келінжан» 21:00 «7 күн» 22:00 «Шерлок» 23:40 «Қызқ times» 00:30 «Черный список» 01:20 «Көрмідік»

QAZAQSTAN 06:05 «Құзғу екен...» 07:00 «Сәлем, Қазақстан!» 08:40 «24 САҒАТ ТАВІГАТ QUSHAGYNDА» 09:30 «Сикырық сакшылар» 10:00 «Шытынаған тағдыр» 12:00 «NUR TILEY» 12:35 «Мадагаскар-2» 14:15 «Nur bullin» 16:10 «Өкініш» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР» 20:00 «MASELE» 20:35 «Azil álem» 22:40 «KÓKPAP» 00:35 «Másece» 01:10 «Ауылдастар» 01:35 «Nur Tiley» 02:10 «24 сағат табиғат qushagyn»

06:00 «Тамаша» 07:15 «Арқада салған ән қандай...» 09:30 «Көрмідік» 10:30 «Дорога Кымбат» 11:00 «Не туристы» 11:30 «Отжалы отбасы» 12:00 «Нильс Хольгерсон» 12:30 «Юбилейный концерт Сосо Павлиашвили» 14:45 «От всего сердца» 15:50 «Қызқ times» 17:30 «Поленисевтер» 17:30 «Келінжан» 21:00 «7 күн» 22:00 «Шерлок» 23:40 «Қызқ times» 00:30 «Черный список» 01:20 «Көрмідік»

ASTANA 06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «777» , «Кепе» 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» 07:30 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 08:40 «ИЖУ» 10:10 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ» 11:10 «ДЕТИ СОЛНЦА» 13:30 «БЕБИ-БУМ» 15:30 «САГЫНЫШ» 17:00 «ИЖУ» 18:10 «КАРА ТЕНІЗ» 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21:40 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 23:30 «АКВАРЕЛИ» 01:20 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 02:10 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

ASTANA 06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «777» , «Кепе» 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:30 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 08:30 «ИЖУ» 09:50 НОВОСТИ 10:30 «РОЗЫСК» 11:30 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 13:20 «АКВАРЕЛИ» 15:30 «САГЫНЫШ» 17:00 «ИЖУ» 18:10 «КАРА ТЕНІЗ» 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21:40 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 23:30 «АКВАРЕЛИ» 01:20 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 02:10 «ТОЙ BESTSTAR» 03:25 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

ASTANA 06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «Лотоб49» , «777» , «Кепе» , 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:30 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 08:30 «ИЖУ» 09:50 НОВОСТИ 10:30 «РОЗЫСК» 11:30 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 13:20 «АКВАРЕЛИ» 15:30 «САГЫНЫШ» 17:00 «ИЖУ» 18:10 «КАРА ТЕНІЗ» 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21:40 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 23:30 «АКВАРЕЛИ» 01:20 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 02:10 «ТОЙ BESTSTAR» 03:25 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

ASTANA 06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «777» , «Кепе» 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:30 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 08:30 «ИЖУ» 09:50 НОВОСТИ 10:30 «РОЗЫСК» 11:30 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 13:20 «АКВАРЕЛИ» 15:30 «САГЫНЫШ» 17:00 «ИЖУ» 18:10 «КАРА ТЕНІЗ» 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21:40 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 23:30 «АКВАРЕЛИ» 01:20 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 02:10 «ТОЙ BESTSTAR» 03:25 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «777» , «Кепе» 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:30 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 08:30 «ИЖУ» 09:50 НОВОСТИ 10:30 «РОЗЫСК» 11:30 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 13:20 «АКВАРЕЛИ» 15:30 «САГЫНЫШ» 17:00 «ИЖУ» 18:10 «КАРА ТЕНІЗ» 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21:40 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ» 23:30 «АКВАРЕЛИ» 01:20 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 02:10 «ТОЙ BESTSTAR» 03:25 «Абдулхамид хан» 00:50 «Төрлетіңіз»

06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «777» , «Кепе» 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 «ҮЛКЕН ҮЙ» 07:50 «КӨНЦІЛДІ ОТБАСЫ» 08:50 «ӘЙЕЛ ҚЫРЛЫҚ ШЫРАҚТЫ-2» 09:30 «ВЕРНИТЕ МНЕ КРАСОТУ» 10:50 «ГДЕ-ТО НА КРАЮ СВЕТА» 14:30 «ОТДЕЛ ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ» 18:00 «ШАНШАР» 18:40 «ЕРКЕКПІН МЕН» 21:00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ» 22:00 «БС

06:00 «Ән мен әзіл» 06:30 «Күлдірген» 07:00 «Үздік әзілдер» 08:00 «Маша и медведь» 09:50 «Кулфи» 10:50 «Сыла» 13:00 «Қара ниет» 14:00 «Глухарь» 16:30 Vme Time 17:00 «Үздік әзілдер» 18:00 «Сыла» 20:00 ASTANA TIMES 20:55 Лотеря «777» , «Кепе» 21:00 «Қара ниет» 22:00 «Кулфи» 23:00 «Жаза» 00:00 «Глухарь» 02:10 «KazNet» 03:00 ASTANA TIMES 03:50 «Келін бақыты» 05:10 «Ән мен әзіл»

07:05 «КТК-да КАБАТОВ» 08:00 «ЕРКЕКПІН МЕН» 09:50 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ» 12:00 «ВСЕ К ЛУЧШЕМУ» 15:40 «ШӨМШ ЭНДЕРІНЦІ КЕШІ» 19:00 «АЛДРАСПАН» 19:30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР» 20:30 «ДАУ-

ТОЙ BESTSTAR» 03:25-04:10 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 7-АРНА 06:00 «Қыздар арасында» 06:50 «Азулылар әулеті» 07:50 «Элиф» 08:45 «Красавица и чудовище» 11:00 «Служебный роман. Наше время» 13:00 «Зың-зың Кулаш» 14:00 «Егіздікиттер» 16:00 «Фариз» 17:10 «Мата Хари» 18:10 «Балабо 3» 19:15 «Гранд» 21:00 «Зың-зың Кулаш» 22:00 «Элиф» 23:00 «Азулылар әулеті» 00:00 «Веселые канникулы» 02:10 «Фариз» 03:10 «Айнаолайы» 03:45 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:15 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:00 Информбюро 08:00 «Тылыс әлем» 09:00 Бауржан шоу 10:20 «Война дикозавров» 12:10 «Шанхайский переводчик» 14:00 «Ералаш» 15:00 «Экстрасенсы детективы» 16:00 «Сеня-Федя» 18:00 «Ивановы-Ивановы» 19:00 «Ивановы-Ивановы» 20:00 Информбюро 21:00 «Ифдет»

НЕФИСЕ» 02:15 «ТОЙ BESTSTAR» 03:25-04:10 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 7-АРНА 06:00 «Қыздар арасында» 07:00 «Азулылар әулеті» 08:00 «Элиф» 09:00 «Балабо 3» 10:10 «Смеяться разрешается» 11:50 «Мата Хари» 13:00 «Зың-зың Кулаш» 14:00 «Тек кана қыздар» 14:30 «Q-ели» 15:00 «Тамаша» 16:00 «Фариз» 17:10 «Мата Хари» 18:10 «Мажор 3» 19:15 «Гранд» 21:00 «Зың-зың Кулаш» 22:00 «Элиф» 23:00 «Азулылар әулеті» 00:00 «На грёбе волны» 02:10 «Фариз» 03:30 «Айнаолайы» 03:45 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:15 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:00 Информбюро 08:00 «Тылыс әлем» 09:00 «Автоспорт по галактике» 11:00 «Ифдет» 12:00 «Жанкеңгі ханымдар» 14:00 «Ералаш» 15:00 «Экстрасенсы детективы» 16:00 «Сеня-Федя» 17:00 «Кухня. Война за отель» 20:00 Информбюро 21:00 «Ифдет»

04:10 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 7-АРНА 06:00 «Қыздар арасында» 07:00 «Азулылар әулеті» 08:00 «Элиф» 09:00 «Балабо 3» 10:10 «Смеяться разрешается» 11:50 «Мата Хари» 13:00 «Зың-зың Кулаш» 14:00 «Тек кана қыздар» 14:30 «Q-ели» 15:00 «Тамаша» 16:00 «Фариз» 17:10 «Мата Хари» 18:10 «Мажор 3» 19:15 «Гранд» 21:00 «Зың-зың Кулаш» 22:00 «Элиф» 23:00 «Азулылар әулеті» 00:00 «Часовой механизм» 02:00 «Фариз» 03:00 «Айнаолайы» 03:45 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:15 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:00 Информбюро 08:00 «Тылыс әлем» 09:10 «Ромобой» 11:00 «Ифдет» 12:00 «Жанкеңгі ханымдар» 14:00 «Ералаш» 15:00 «Экстрасенсы детективы» 16:00 «Сеня-Федя» 17:00 «Кухня. Война за отель» 20:00 Информбюро 21:00 «Ифдет» 22:00 «What's Up?» 23:30 Әзілдер жинағы

BESTSTAR» 03.25-04.10 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» 7-АРНА 06:00 «Қыздарарасында» 07:00 «Азулылар әулеті» 08:00 «Элиф» 09:00 «Мажор 3» 10:10 «Смеяться разрешается» 11:50 «Мата Хари» 13:00 «Зың-зың Кулаш» 14:00 «Тек кана қыздар» 14:30 «Q-ели» 15:00 «Тамаша» 16:00 «Фариз» 17:10 «Мата Хари» 18:10 «Мажор 3» 19:15 «Гранд» 21:00 «Зың-зың Кулаш» 22:00 «Элиф» 23:00 «Азулылар әулеті» 00:00 «Патруль времени» 02:10 «Фариз» 03:10 «Айнаолайы» 03:45 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:15 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:00 Информбюро 08:00 «Тылыс әлем» 09:00 «Могучие урляты» 11:00 «Ифдет» 12:00 «Жанкеңгі ханымдар» 14:00 «Ералаш» 15:00 «Экстрасенсы детективы» 16:00 «Сеня-Федя» 17:00 «Кухня. Война за отель» 20:00 Информбюро 21:00 «Ифдет» 22:50 «What's Up?» 00:00 Әзілдер жинағы 01:10 «Мехектің өмірі» 01:50 Алдрастан, Шаншар нысана әзілдері 04:00 Ризаман 05:00 Әзіл студио

СВЕТА» 01.00 «МҮҢАЙМА, НЕФИСЕ» 01.50 «ТОЙ BESTSTAR» 03.00 «АКИКАТЫН АЙТАЙЫК» 03.45-04.10 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН» 7-АРНА 06:00 «Қыздарарасында» 07:00 «Азулылар әулеті» 08:00 «Элиф» 09:00 «Мажор 3» 10:10 «Смеяться разрешается» 11:50 «Мата Хари» 13:00 «Зың-зың Кулаш» 14:00 «Тек кана қыздар» 14:30 «Q-ели» 15:00 «Тамаша» 16:00 «Фариз» 17:10 «Мата Хари» 18:10 «Мажор 3» 19:15 «Гранд» 21:00 «Зың-зың Кулаш» 22:00 «Элиф» 23:00 «Азулылар әулеті» 00:00 «Лукас» 02:00 «Кзландия» 04:00 «Айнаолайы» 03:45 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:15 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:00 Информбюро 08:00 «Тылыс әлем» 09:00 «Три мушкетера. Микки, Дональд, Гуфи» 10:10 «Ифдет» 12:00 «Жанкеңгі ханымдар» 14:00 «Ералаш» 15:00 «Экстрасенсы детективы» 16:00 «Сеня-Федя» 17:00 «Кухня. Война за отель» 20:00 Информбюро 21:00 «Ифдет» 22:50 «What's Up?» 00:00 Әзілдер жинағы 01:10 «Мехектің өмірі» 01:50 Алдрастан, Шаншар нысана әзілдері 04:00 Ризаман 05:00 Әзіл студио

К ЛУЧШЕМУ» 01.30 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ» 02.30 «МЕНЦН ДОСЫМ ҮНДІ» 03.30-04.10 «КҮЛКЕН ҮЙ» 7-АРНА 06:00 «Қыздар арасында» 06:50 «Қуырдақ» 07:30 «Гу-гулет» 08:00 «Айнаолайы» 09:00 «Гранд» 15:00 «Тамаша» 16:40 «Зың-зың Кулаш» 18:20 «Воздушный маршал» 23:15 «На грёбе волны» 01:45 «Очень плохие мамочки» 03:40 «Айнаолайы» 04:00 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:10 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:00 Бауржан шоу 08:00 «Әзілдер жинағы» 09:00 «Готовим с Элиф» 09:30 «Бытва экстрасенсов» 11:30 Тамаша Live 12:00 «Әзілдер жинағы» 13:10 «Брат или брак» 15:00 «Три мушкетера. Микки, Дональд, Гуфи» 16:20 «Руслан и Людмила: Перезагрузка» 18:00 «Легенда о колывате» 20:30 «Джон Картер» 23:00 «Оле» 20:30 комедиясы»

ДАМАЙСЫЗ» 21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» 22.00 «СЛУГИ НАРОДА» 22.30 «БИЗНЕСМЕНЬ» 00.20 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ» 01.30 «ЫЗГАРЛЫ КӨКТЕМ» 03.10 «КТК-ДА КАБАТОВ» 04.10-04.50 «КӨРШЕЛК» 7-АРНА 06:00 «Қыздар арасында» 06:50 «Қуырдақ» 07:30 «Гу-гулет» 08:00 «Айнаолайы» 09:00 «Ворона-проказница» 10:30 «Юморина» 11:30 «Дублер» 13:20 «Дизель шоу» 15:00 «Тамаша» 16:40 «Шаншар» 18:20 «Аңыз» 21:00 «Телочарный киллер» 23:20 «Лукас» 01:20 «Патруль времени» 03:30 «Айнаолайы» 04:00 «Элиф» 04:30 «Жеңіп көр» 05:10 «Гу-гулет»

06:00 Ризаман 07:30 Әзіл студио 09:00 Бауржан шоу 10:00 «Готовим с Адель» 10:30 «Әзілдер жинағы» 11:30 Тамаша Live 12:20 «Ұлы дала комедиясы» 14:10 «Руслан и Людмила: Перезагрузка»

22:00 «What's Up?» 23:

ЖАСТАР

КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚЫРЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Біріккен Ұлттар ұйымы «Даму» бағдарламасының Қарағанды облысы бойынша өкілі Қанатбек Зертүймеєвтің бастамасымен қолға алынған «Жастар бейбіт дамуды қолдайды» жобасы Жезқазған қаласында да жалғасын тапты.

Қала жастарына еліміздің жас көшбасшыларын таныстыруды мақсат еткен жоба биыл үшінші мәрте ұйымдастырылды. «Step forward» арт-холында өткен шараның биылғы қонақтары «BI-Group» компаниясының топ-менеджері Дархан Шілдебаев пен әнші, актриса Салтанат Серкебаева болды.

«BI-Group» құрылыс компаниясына жұмысқа орналасып, өмірімің жаңа кезеңін бастадым. Міне, мен қазір еліміздегі ең ірі көшбасшы құрылыс компаниясы «BI-Group-тың» топ менеджерлерінің қатарындамын, – деді Дархан Шілдебаев.

Одан әрі сөз алған жас әнші Салтанат Серкебаева жастармен еркін сұхбат алаңын ұйымдастырды.

– Мен – Сәтбаев қаласының тұрғынымын. Сол жердегі №16 мектепті бітірдім. Балабақша жасынан ән айтып, өз өнерімді көрсетіп жүрсем де, болашақ мамандығымды медицина саласымен байланыстырғым келді. 2015 жылы мектеп қабырғасын аяқтап, Ұлттық бірыңғай тестілеуде бағымды сынадым. Сол жылы білім жүйесінде үлкен өзгерістер орын алып, медицина университеті гранттың иеленіп «Алтын белгі» иегерлері ғана тексерілді. Мен «Алтын белгі» иегері емес едім. Ойлана келе, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің биотехнология мамандығын таңдап оқуға түстім. Не болса да жаңа заманға сай мамандықты менгергім келді. Университетте оқып жүріп 2015-2017 жылдары «Қазақ қыздары» тобында солист болып ән айттым. Осы арада түрлі кастингтерде бой көрсетіп, бағымды сынап жүрдім. Сондай күндердің бірінде, 2017 жылы белгілі режиссер Ақан Сатаев түсіргелі жаттырған «Томирис» фильмінің кастингке қатыстым. Кастингте біздің сыртқы келбетімізге басты назар аударды. Қаншама қыздың



арасынан менің тарапымнан фильм авторлары назарын аудартқан басты жайт менің қасымның табиғи формасының сақталғандығы болды. Кейінгі сындарда актерлердің өз эмоцияларын ашық жеткізе білулері және импровизация жасай алу шеберліктері назарға алынды. Міне, осы талаптарды барлығын ойдағыдай алып шыққан маған Ұлы сақ патшайымы Томирисің жасөспірім кезеңін сомдау бақыты бұйырды. Менің қатысуыммен, яғни, тікелей менің кескінім негізінде Томирисің балалық шағындағы бейнесі таңдалды. Фильмнің кастингі толық біткен соң мені жаңа кастингке шақырды. Ол Мөлдір Әуелбекованың «Назар» тобына іріктеу кастингі болатын. Маған топта ән айту таңсық дүние емес еді. Осыған дейінгі тәжірибелеріме сүйеніп отырып жаңа кастингке де барып, бақ сынағанды жөн көрдім. Кастингтің алғашқы кезеңінде қыздардың вокальды жә-

не хореографиялық икемділіктері сыналды. Екінші кезеңінде топпен жұмыс жасауға бейімділіктерің байқады. Және соңғы үшінші күні сұхбаттар мен фотосессияларда өздерің дұрыс ұстауларың тексерді. Міне, осындай қатаң талаптардан соң ғана мен топ құрамына қабылдандым. Қазіргі таңда топ құрамында емеспін. Бүгінде өз жұмысымды балалармен байланыстырудамын. Нұр-Сұлтан қаласында балабақша бүлдіршіндеріне музыка пәнінен сабақ беремін. Қазіргі жұмысым ұнайды. Өзімді жаңа қырыман байқап көрудемін. Алда тағы да кастингтерге қатысып, жаңа рөлдерді сомдағым келеді. Жалпы мансаптық жолымды мәдениет саласында жалғастырамын деп шештім, – деді ол.

Кездесу барысында жастар Дархан мен Салтанатқа сұрақтар қойып, олар дайындаған сыйлықтарды иеленді және естелік суреттерге түсті. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БИ БӘСЕКЕСІ

Быттыр «Жастар» паркі аумағында ұйымдастырылған «Ankeys dance event» заманауи би байқауы биыл «Кисслорд» клубында жалғасын тапты.



Би байқауы Карина Бикаева жетекшілік ететін «Art dance» би ұжымының қорытынды концертімен қатар ұйымдастырылды. Қазіргі таңда құрамында 85 жас биші өнер көрсететін өнер ұжымы мұрындық болған байқауға қаламыздағы түрлі сұлулық салондары, қосымша білім беру орталықтары мен фитнес және фото-видео студиялары демеушілік етіп, жас өнерпаздарға қолдау білдірді.

– Заманауи биге қала жастары үлкен қызығушылықпен қатысады. Биылғы байқауды әріптесім Әзиза Нүкішова екеміз ұйымдастырдық. Шараға төрт жүзге жуық қонақ келді. Қатысуға ниет білдірушілер саны да өте көп болды. Бүгінгі байқауда мың бұралған жас бишілер бар өнерлерін жан-жақты көрсетуге тырысты. Бұл шара келесі жылы да жалғасын табатынына сенімдіміз мол, – деді би студияның хореографы Кристина Канлинова.

манауи би байқауы соло, батл және топтық би бойынша өткізілді. Соло, яғни, жеке би байқауы бойынша Ару Жаудет, Диана Латыпова, Милана Малахова, Милана Петрикова бақ сынады. Нәтижесінде Диана Латыпова жүлделі I орынды, Ару Жаудет II орынды, Милана Петрикова III орынды қанжығасына байлады. Импровизацияны талап ететін батлдық би сайысы да байқаудың тартысты кезеңдерінің бірі болды. Кез келген әуенге тапқырлықпен би қойылымын ұйымдастырған Милана Малахова аталмыш би сынының жеңімпазы атанды. Ал топтық би сайысына жеті топ, яғни, «Triple s dance», «Star dance», «Too much», «Angel», «Toxic girls», «Адреналин» және «Бандитки» топтары қатысып бақ сынады. Сайыс соңында «Toxic girls» тобының қыздары жеңіс мәресінен көрініп, арнайы сыйлықтарға ие болды.

Биылғы «Ankeys dance event» за-

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«BIRGEMIZ» АКЦИЯСЫ

Жезқазғанда да жалғасты

«Волонтер жылы» аясында облыс көлеміндегі барлық өңірде бір уақытта бастау алған «Birgemiz» атты қар күреу акциясы Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы бастамасымен мекемелер мен оқу орындары ұжымы, сондай-ақ, қала тұрғындары, қоғам белсенділері мен волонтерлардың атсалысуымен жалғасын тапты.



«Волонтер жылы» аясында Мемлекет басшысының «Birgemiz» жалпыұлттық жобасын іске асыру мақсатында Қарағанды облысында ауа райы өзгерісі, боран соғып, аулалар мен жолдарды қалың қар жауына байланысты өткен «Birgemiz» қар күреу акциясына Жезқазған жұртшылығы да жұмыла кірісіп, белсенді қатысты.

«Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мекеметтік мекемесінің жанынан құрылған қаламыздың «Бірілік» волонтерлар ұйымы жұдырықтай жұмылып қызмет көрсетіп қана қоймай, волонтерлықты барша азаматқа насихаттай білді. Өз қалауымен ерікті болған қала тұрғындары, әкімдік қызметкерлері, белсенді жастар, әр саладағы азаматтар, белсенді тұлғалар үлкен жобадан тыс қалмай, белсенділік танытып, қала көшелерінің қардан тазаруына үлес қосты. Бұл игі шара карт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың, аналар үйінің, балалар үйлерінің, қала көшелері, жолдар, қоғамдық орындар, мекемелер, тіпті тұрғындар

өздері тұратын көпқабатты үйлердің қар басқан аулаларын тазартып, әр адамның айналаға деген жанашырлық пен қамқорлығын көрсетуге, жүректерге мейірім шуағын жағып, ауызбіршілікті нығайтуға ықпал етті.

Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Жұманазарқызы, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Каженова бастаған басқа да басшылар мен мемлекеттік қызметкерлер қолдарына күрек ұстап, табиғаттың тосын мезіне орай бастау алған челленджде бірікпелі атсалысып, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың шексіз алғысына кенеліп, баталарын алды.

Аталмыш шараға үлкен жауапкершілікпен қараған үлкен-жасы бар еріктілер «Ғарышкерлер бақ жолы», Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектер медициналық-әлеуметтік мекемесі, Мәруа Құлышева атындағы «Үміт» балалар үйі, қалалық балалар үйі, Аналар үйі, Ұлы Отан соғысы ардагерлері және жалғыз басты қариялардың, көп балалы аналардың үйлерінің ауласын қардан тазартты. Мәселен, «Бірілік» еріктілер ұйымы мен жезқазғандық жастар қарттар үйінің ауласын мұнтаздай етсе, Жезқазған бизнес және көлік колледжі мен Жезқазған политехникалық колледжінің сту-

денттерінен құралған еріктілер Мәруа Құлышева атындағы «Үміт» балалар үйінің ауласын қардан аршыды. Аталған мекеме олардың бұл игі бастамасына дән риза болып, ыстық шәй ұсынып, қонақжайлылық көрсетті.

Жезқазған гуманитарлық колледжінің «Мейірім» еріктілер ұйымы Ұлы Отан соғысының ардагері Нина Виноградованың ауласын, дәл осы күні Серке Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театрының «Серкеңің серілері» еріктілер ұйымы құрылып, олар көпбалалы батыр ана Рым Жемісидің үйінің ауласын, ЖИГК, ЖМК, ЖКТС колледждерінің еріктілері қалалық балалар үйінің ауласын, Жезқазған жоғары медицина колледжінің «Жігер» еріктілер тобы Аналар үйінің ауласын, Жезқазған тау-кен металлургиялық колледжі оқу орынының ауласын қардан тазартты. Қаламыздағы басқа да орта оқу орындарының ұжымы өз мекемелерінің ауласын қардан тазалады. Акцияға қатысқан ақын Мұқағали Сейтқазы былай деп жырлады:

Жезқазғанның жастары Челленджде бастады, Бір-біріне көмекші, Бір-біріне дос бәрі. Жезқазғанның жастары Жақсы істі бастады. Ашық болсын мәңгілік Егемен ел аспаны! Өткен аптада бастау алған облыстық «Birgemiz» акциясы бүкіл қаланы біріктірді. Ізтолеу БЕКЕНУЛЫ

ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Жерұйық» клубы мүшелерінің қатысуымен «Судың ғажайып қасиеттері» атты тәжірибе сағаты өтті.



Шара оқырмандардың су туралы білімдерін кеңейту, судың қасиетін таныстыру, судың маңызын аша білу, суға қамқорлық жасау, экология мәселелеріне назар аудару мақсатымен ұйымдастырылды. Берері мол кездесуге №3 орта мектебінің 4 «Ә» сынып оқушылары және мектеп кітапханашысы Б.Жылығрғөзова қатысты.

Кітапханашылар шара барысында балаларға судың қасиеттері жайлы айтып, сумен түрлі тәжірибелер өткізді. Тәжірибе сағатында суға түрлі бояулар, заттар қосып оның салмағының көбеюі мен оптикалық өзгерістері көрсетілді. Сонымен қатар, кітапханашылар ертегілер мен аңыз әңгімелерде судың тір-

шілік көзі екендігі жиі айтылып, оның пайдалы тұстарына көп мән берілгені жайлы айтып, балаларға кітапхана қорындағы «Су перісі», «Су ертегісі», т.б. кітаптары насихаттап, «Суыр сұңқар су қайда?» ертегісі арқылы мысалдар келтіріп, ой салды. «Мектептегі және үйде өмір қауіпсіздігі мен денсаулықты сақтау» атты кітабы арқылы «Су тасқыны» бөліміне тоқталып, судан адам өміріне келетін қауіп жайлы айтылды.

Шара соңында балалар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толық жауаптар алды. Динара СЕКЕНБАЕВА, балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

ПАРАСАТТЫЛЫҚ САҒАТЫ ӨТТІ

Талап ауылының №14 жалпы орта білім беретін мектебінде 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Парасаттылық – ақыл-мінез жарастығы» атты ашық парасаттылық сағаттары өткізілді.



Парасаттылық сағатының мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, әділдікті, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Парасаттылық сағатында оқушылар парасаттылық, адалдық жөнінде өз ойларын ортаға салды. Үш топқа бөлініп, тақырып аясында өздерінің пікірлерімен бөлісті. Үс-таздар ұлы ойшыл Абай Құнанбай-

ұлының қара сөздерінен мысалдар келтіріп, адал болу – адамдықтың басты белгісі екенін түсіндірді. Оқушылар Тәуелсіз Қазақстанның болашағы нұрлы болсын десек, ұлттық болмысымызға тән адалдығымыз бен кеңпейілділігімізді биік ұстауымыз керек екенін ойға түйді.

Жанат ӘБДІЖОЖИН, №14 ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мемлекеттік қызметтер бойынша көмекші сіздің смартфонңызда m.gov мобильді қосымшасы

АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛДЫ



Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орайластырылған іс-шараның басты мақсаты – Абай бастаған ақын-жазушылардың шығармаларынан көрініс көрсете отырып,

оқушыларды С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры актерлерінің шығармашылығымен таныстырып, жастарға патриоттық рух беріп, адамгершілік қасиеттерге

Қ. Шыңғысов атындағы №5 жалпы орта білім беретін мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлттық тәрбие» бағыты бойынша «Театр әлеміндегі қазақ халқының мәдениеті және салт-дәстүрі» атты театрландырылған көрініс қойылды.

баулу, ұлттық тәрбие-тәрбиені бойларына сіңіру. Ана тіліне, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру жайы да назардан тыс қалмады.

Мектеп оқушыларының қатысуымен өткен көріністі тамашалаған С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының өртістері Серік Бұлғақбаев, Бақытжан Ибраев, Жәнібек Арыстамбеков, Токжан Нұртаза жастардың образға кіріуіне, сахна мәдениеті мен сөйлеу мәнеріне риза болысып, олардың қарым-қабілеттері мен талпынысын жоғары бағалады. Ұлттық тәрбиені паш еткен

сахналық көріністер М.Әуезовтың «Абай жолы» романынан «Ана тәлімі» және «Ақын қонақтар» үзінділері мен Абайдың 17-ші қара сөзі және М.Шахановтың «Отырардың апаты», Б.Момышұлы «Үшқан қой» повестерінің желісі бойынша ұйылды. Өздерін актер ретінде байқап көрген 9-сынып оқушылары тарихы тереңге жайылған қазқтың салт-дәстүріне бойлап қана қоймай, қалың көрерменге ұлттық құндылықтарды ұстанып, насихаттауға ой салды.

Шолпан БЕЙСЕНБЕКОВА, Қ. Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің қазақ тілі және әдебиет мұғалімі

ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

«БАЛАПАН ҚАЗ» – БАЛАЛАРҒА ТАРТУ

Әлемдік балалар драматургиясына елеулі үлес қосқан Нина Гернеттің «Балапан қаз» қойылымы қаламыздағы басты өнер ошағы – С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театрында да сахналанды. Сексен бес жылдық тарихы бар спектакль премьерасын тамашалауға жиналған жезқазғандық балалар қарасы да көп болды.

Спектакль Алена мен балапан қаздың ерекше достығын көрсетумен басталды. Кенет ойыннан шаршаған Алена ұйықтап қалған сәтте, ку түлкі келіп балапан қазды ұрлап кетеді. Осы жерден Аленаға көмектескен заңдағы көрермендер кірпіден түлкінің тұратын жерін сұрап, оларға көмектесуін өтінді. Осылайша жас көрермендер де түрлі шытырман оқиғаларды бастан өткерді. Қойылым соңы жақсылықтың жамандықты жеңіп, балапан қаздың Аленамен қайта табысуымен аяқталды.

– Біз достарымызбен және мұғалімімізбен бірге театрға жиі келіп тұрамыз. Бұл жерде түрлі кейіпкерлермен кездесіп, қызықты оқиғаларға куз боламыз. Бүгінгі «Балапан қаз» спектаклі де көңілімізден толықтай шықты. Бейне бізде балапан қаздың жағдайын сезінгендей болдық. Ол тезірек түлкінің тырнағынан құтыла екен деп тілеп отырдық. Бүгінгі спектакльді дайындап, бізге керемет қылып ұсынған барша актерлерге алғысымызды білдіреміз, – деді қойылым соңында Азамат есімді кішкентай көрермен.

Спектакль актерлері балаларға шынайы ертегі әлемін сезіндіру үшін бар шеберлігімізді ортаға салып, оларға барынша жақсы көңіл күй сыйлауға тырыстық, – деді қойылым режиссері Қазақстан Республикасы Мәдениет



қайраткері Шәріп Ұзақов. Аталмыш спектакльде Алена образын – Рыскул Исмаилова, балапан қазды – Лаура Байтөшева, түлкіні – Гүлім Молдабергенова, кірпіні – Гүлнәр Асылбекова және бақа ролін – Ирина Федосенко ойнап шықты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН